AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

СЕЙСЕНБІ №46 (4586)
29.04.2025

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚТЫ ДАМЫТУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Алматы облысының 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп берілді.

Марат Сұлтанғазиев экономиканың негізгі секторларында өсім байқалатынын баяндады. Атап айтқанда, өнеркәсіптік өндіріс көлемі 507,9 миллиард теңгені, ауыл шаруашылығы өнімі 97,4 миллиард теңгені құраған. Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 146,2 мыңға жетіп, 7,7 пайызға артқан.

Президентке жыл басынан бері 12 жаңа өнеркәсіп жобасының іске қосылғаны туралы мәлімет берілді. Оның ішінде GALANZ bottlers өндіріс алаңының кеңеюі, «Бартоғай ГЭС-28» және Шарын өзеніндегі шағын ГЭС каскадының құрылыстары сияқты ауқымды жобалар бар. Жалпы, өңірде құны 2,4 триллион теңгені құрайтын 122 жоба жүзеге асырылып жатыр. Нәтижесінде, 36 776 жұмыс орны ашылады.

Мемлекет басшысына Қонаев және Алатау қалаларын дамыту барысы жөнінде айтылды. Жаңа бас жоспарға сәйкес, облыс орталығында Smart Qonaev қаланы басқарудың бірыңғай жүйесі енгізілуде. Алатау қаласының бас жоспарына түзетулер жасау және көлік-инженерлік инфрақұрылымды жобалау жұмыстары басталды.

Облыс әкімінің айтуынша, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 17 білім ордасының құрылысы қолға алынған. Бұдан бөлек, өңірдегі үш ауысымды оқу мәселесін шешу үшін мемлекет-жекеменшік әріптестік негізінде 19 мектеп салу жоспарланған. 2025-2027 жылдары 91 оқу ошағында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекет басшысы Қонаев және Алатау қалаларын, жалпы Алматы агломерациясын дамытуға қатысты барлық белгіленген мақсаттарды сапалы әрі уақытылы орындаудың маңызын атап өтті. Президент индустриалды аймақтар мен Alatau АЭА-ның әлеуетін нығайтуға, сондай-ақ коммуналдық және елді мекендердегі жолдардың құрылысына баса мән беруді тапсырды.

КӨҢІЛ АЙТУ

Қасым-Жомарт Тоқаев тілтанушы және әдебиеттанушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сейіт Қасқабасовтың қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен жақын-жуықтарына көңіл айтты.

– Сейіт Асқарұлы ұлт руханиятын ұлықтап, қазақ ауыз әдебиетін терең зерделеуге бар саналы ғұмырын арнаған зиялы тұлға еді. Әсіресе, отандық фольклортануға өлшеусіз үлес қосты. Іргелі еңбектер жазып, ұлағатты ұстаз ретінде көптеген шәкірт тәрбиеледі. Өнегелі өмір сүріп, соңына рухани мол мұра қалдырған Сейіт Асқарұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды, – деп жазылған жеделхатта.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 80 ЖЫЛ

ҒАСЫР ЖАСАҒАН ЖАУЫНГЕР

Әлем тарихында қанды әріппен жазылған Екінші дүниежүзілік соғыс өртінің өшкеніне де биыл 80 жыл толып отыр. Сол уақытта қан майданға еліміздан талай жауынгер аттанып, көптеген тағдыр соғыс шырғалаңында талқан болды. Бүгінде елге аман-есен оралғандардың да көзі тірісі саусақпен санарлық. Соның бірі – сырдариялық Яхия Тасыровтың өмір жолы өзгеше өрнекке толы.

→ 6

ЖАН ДҮНИЕГЕ ЖАНАШЫРЛЫҚ

Президенттің Жолдауында халықтың, әсіресе өскелең ұрпақтың психикалық денсаулығын, психологиялық қолдау қызметтерін құрудың маңыздылығы атап өтіледі. Бүгінде елімізде психологиялық қызмет көрсету саласының дамуы өзекті мәселелердің біріне айналды. Қолданыстағы бірыңғай стандарттар мен лицензиялау жүйесі мамандардың кәсіби деңгейіне қаншалықты кепіл болып отыр? Жыл сайын дайындалып жатқан 6,5 мыңнан астам психологтің білім сапасы мен практикалық қабілеттерін бақылау тетіктері қандай? Осы бағытта әзірленіп жатқан заң жобасы саладағы қандай проблемаларды қамтиды?
Біз мұны «Алаңда» сарапшылардан сұрап көрдік.

→ 4

ҚҰНАНБАЙДАН ҚАЛҒАН ҚҰНДЫ МҰРА

Тарих – ұлттың тамыры. Ал тарихын ұлықтамаған ұлттың болашағы бұлыңғыр екені хақ. Бүгінде есте жоқ ескі заманнан жеткен құнды жәдігерлеріміз аз емес. Кейбір құндылықтарымыз топырақтан аршылып, күні бүгінге дейін жарыққа шығарылуда. Одан бөлек, кезінде қолдан-қолға мұра болып қалып, қазір құтты тұғырын тауып жатқан жәдігерлеріміз де баршылық. Соның бірі – Құнанбай ауылынан жеткен ағаш табақ.

→ 5

Жансая МҰРАТБЕККҚЫЗЫ:

Қазақша стендапта ҚЫЗДАР АЗ

«Әр адам өз трагедиясын айтады» деген ұғым стендаптың терең философиясын сипаттайтындай. Комиктің айтқанына күлесің, бірақ ішіңнен: «Мен де осындай жағдайды бастан кешкенмін...» деп ойланып қаласың. Комиктер өз өмірлерінен алынған мысалдар арқылы қазақ қоғамының түйткілін, отбасындағы қысым, кедейлік, білім жүйесі, тіпті психологиялық жарақаттарды әзілмен жеткізеді. Әзіл арқылы трагедияны айту – оны жеңудің жолы.
Бұл – стендаптың шын мәніндегі күші. Біз қазақша стендапта қыздардың үнін жеткізіп жүрген, комик Жансая Мұратбекқызымен сұхбаттастық.

→ 8

САЯСАТ

29 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БІРЛІК ИДЕЯСЫН БЕЛСЕНДІ ДӘРІПТЕУ ҚАЖЕТ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар Сенаттың Іс-шаралар жоспарын іске асыру аясындағы міндеттерді талқылады.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында белгілеп берген этносаралық қатынастар саласындағы міндеттерге назар аударды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық келісім саласындағы бірқатар маңызды бастаманы айқындап берді. Бұл ретте «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының өңірлермен өзара іс-қимылын одан әрі нығайту және жалпыұлттық бірлік идеяларын ақпараттық тұрғыдан белсенді түрде дәріптеу қажет екені айтылды. Мемлекет басшысы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің аталған бағыттағы рөлін де ерекше атап өтті. Осы орайда сенаторлардың елдегі қоғамдық келісімді нығайтуға, азаматтардың құқықтарын қорғауға және Әділетті Қазақстан қалыптастыруға қажетті берік заңнамалық база құруды көздейтін жұмысы айрықша мәнге ие», – деп палата Төрағасы әріптестерін Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді сапалы іске асыру жолында одан әрі белсенділік танытуға шақырды.

Сонымен қатар сенаторлар осы аптада өтетін комитет отырыстарында қаралатын тақырыптарды пысықтады. Атап айтқанда, палата депутаттары әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін медициналық қамтамасыз ету, Ұлттық қор қаражатын басқару тиімділігін арттыру, жылу энергетикасы және ветеринариялық қызмет саласын дамыту мәселелерін талқылайды. Сондай-ақ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық құқықбұзушылықтардың жекелеген түрлерін қылмыстық сипаттан арылту және заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды жүзеге асыру аясында кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау мәселелеріне арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылады. Іс-шарада депутаттар мүдделі тараптармен бірлесіп, аталған саладағы түйткілдерді шешу және оны дамыту тетіктерін талқылайды.

РОБОТ ОТА ЖАСАДЫ

Елімізде алғаш рет Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтында робот операция жасады.

Бірегей хирургиялық ота онкологиялық аурудың асқынған түріне жасалған. Осылайша, зақымдалған бүйрек, бүйрекүсті без және аймақтық лимфа түйіндері алынып тасталды.

Операцияны жасауға жаңа буындағы роботтандырылған хирургиялық платформа – Sage bot SR–2000 қолданылды.

Айта кетерлігі, хирургиялық платформа тіпті күрделі клиникалық жағдайлардың өзінде азинвазивті операцияларды жасауға кең мүмкіндікке ие. Оның бұған дейін қолданылған жартылай автоматты жүйелерден айырмашылығы – Sage bot SR–2000 хирургиялық дәлдік, көзбен көру және бақылаудың жаңа деңгейіне шығуға жол ашты. Сондай-ақ бұрын техникалық тұрғыдан қолжетімділігі қиын онкологиялық ауруларды емдеуге жаңа мүмкіндіктер ұсынып отыр.

Бұл оқиға Қазақстандағы онкохирургияның дамуына жаңа серпін берді. Біз пациенттерімізге тіпті, ең күрделі клиникалық жағдайларда көмек көрсете алатынымызға қуаныштымыз, – деп атап өтті ҚазОРҒЗИ директоры Ербол Бекмұхамбетов.

ҚАЙТҚАН ҚАРЖЫҒА ҚҰБЫР ЖЕЛІСІ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Үкімет заңсыз иемденілген активтерді қайтару есебінен әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылым нысандарын салу жобаларын жүзеге асыруда.

Ақмола облысындағы Қосшы және Макин қалаларының тұрғындарын сумен қамтамасыз ету үшін Арнаулы мемлекеттік қордан қаражат бөлу туралы шешім қабылданды.

Қосшы қаласында су құбыры жүйесінің құрылысын аяқтауға 476,7 млн теңге бөлінді. Жобаны іске асыру нәтижесінде халық 100% орталықтандырылған сумен қамтылады. Қазір шамамен 50 шақырым құбыр тартылған. Жалпы, желілердің ұзындығы 64,1 шақырым болады деп жоспарланып отыр. Нысанды жыл соңына дейін тапсыру көзделген. Қолданыстағы инженерлік желі 30 мың тұрғынға есептелген. Ал ресми деректерге сәйкес, бүгінде Қосшыда 50 мыңнан астам адам тіркелген. Қаланың бас жоспарына сәйкес, 2038 жылға қарай тұрғындар саны 150 мыңнан асады деп болжануда.

Макин қаласында су құбыры желілерін қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Жоба бойынша 72,7 шақырым желі тарту қарастырылған. Бұған дейін бөлінген қаражат есебінен бүгінде 45 шақырым бойынша жұмыс аяқталған. Арнаулы мемлекеттік қордан бөлінген 606,4 млн теңге жобаны толық аяқтап, халқы 18 мыңнан асатын қаланы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заңсыз шығарылған активтерді қайтарудан түскен қаражатты әлеуметтік мәселелерді шешуге бағыттау туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртудың тиімді тетігіне айналды. Бүгінде Арнаулы мемлекеттік қордан білім беру, денсаулық сақтау, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру, инженерлік желілер мен су құрылыстарын жаңарту сияқты салалардағы 280-ге жуық жобаны іске асыруға қаражат бөлінді.

Мейір ЖАСЫН

КОЛЛЕДЖДЕР ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БОЛУЫ КЕРЕК

«AMANAT» партиясы жанындағы Білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысында жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру және колледждерді заман талабына сай жаңғырту мәселесі талқыланды.

Министрліктер колледждердегі халықаралық стандарттардан бастап, цифрлық кәсіптік бағдарлау платформаларына дейінгі ауқымды өзгерістер ұсынды. Алайда депутаттар мамандықтардың беделі сапалы білім беруден басталатынын еске салады.

Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова «AMANAT» партиясы атқарған ауқымды жұмыс арқылы ТжКБ-ны қаржыландырудың жан басына шаққандағы нормативі екі есе артқанын атап өтті. Мәселен, егер 2024-2025 оқу жылында жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі орта есеппен 437 мың теңгені құраса, 2025-2026 оқу жылында бұл көрсеткіш 917 мың теңгеге дейін ұлғайды. Жан басына шаққандағы нормативтің ұлғаюы жекеменшік ұйымдардағы педагогтердің жалақы мөлшерін мемлекеттік деңгейге теңестіруге мүмкіндік береді. Бұл ретте ТжКБ оқытушыларына ғылыми дәрежесі үшін үстемеақы белгілеу мәселесі қарастырылуда.

Сондай-ақ депутат «педагог-модератор» және «педагог-сарапшы» біліктілігіне ие арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне еңбек өтіліне қарай 35%-ға дейін үстемеақы белгіленгенін мәлімдеді.

Отырыс барысында бейінді министрліктер мен ведомстволардың өкілдері сөз сөйлеп, Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы аясында техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау бойынша қолға алған жүйелі жұмыстарын таныстырды.

Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан министрлікке колледждерді трансформациялау бойынша тапсырма берілгенін атап өтті. Осы мақсатта 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасы бекітілді. Онда техникалық және кәсіптік білім беру ісін дамытудың басым бағыттары айқындалды. Олардың қатарында инновациялық менеджмент, білім беру мазмұнын жаңарту, колледждердің бизнеспен синергиясы, цифрландыру, интернационалдандыру және құқықтық базаны жетілдіру бастамалары бар. Сондай-ақ Е. Оспан жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленген оқу бағдарламаларын жаңартуға көп көңіл бөлінетінін атап өтті. Осы талап негізінде шамамен 8000 оқу бағдарламасы әзірленді. Сонымен қатар ол WorldSkills Kazakhstan Ұлттық құзыреттер орталығын құру, 5 IT орталық пен FabLab-ты іске қосуы, 20 өңірлік кластер құру, дуальді оқыту орталықтары мен ТжКБ-ның цифрлық платформасын ашу және 6 мыңға жуық оқытушының біліктілігін арттыру шаралары туралы айтты.

Жоғары білім беру саласындағы міндеттердің жүзеге асырылу барысы жөнінде Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің төрағасы Гүлзат Көбенова баяндады. Ол Ғылым және жоғары білім министрлігіне еліміздің барлық өңірінде мамандықтардың атлас картасын әзірлеу және енгізу тапсырылғанын атап өтті. Жаңа мамандықтар мен құзыреттердің картасы 2022 жылдан бері енгізіліп келеді. Осы уақыт аралығында 9 өңір қамтылды. Биыл тағы 11 өңір қосылады.

Өз кезегінде, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқар Биахметов 864 кәсіби стандартты қамтитын Ұлттық біліктілік жүйесінің рөлін және оның кадрлар даярлау жұмысына әсерін атап өтті. Биыл 100-ге жуық кәсіби стандартты жаңарту жоспарлануда. 6 біліктілікті тану орталығы аккредиттелді. Тағы 5 орталық ашу жоспарлануда. Оның ішінде ERG және Pearson сияқты халықаралық серіктестермен бірлескен бастамалар да бар.

Жұмысшы мамандықтары жылындағы негізгі жобалардың қатарында 7-11-сынып оқушыларына арналған жаңа кәсіптік диагностика функционалы бар «Мансап компасы» платформасы, 500 мыңнан астам мектеп оқушысы мен ТжКБ студенттерін қамтитын Skills.enbek.kz платформасындағы «Сенің мансап жолың» курсы бар.

Елнар ЕЛТАЙ

ӘЙЕЛДЕР ВАГОНЫ КӨБЕЙДІ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ 1 маусымнан бастап №614/613 «Орал – Маңғыстау» бағытындағы пойыз құрамында әйелдер вагонын іске қосады.



«Әйелдер вагонында билеттер тек әйел жолаушыларға сатылады, ал қызмет көрсету міндетін арнайы дайындықтан өткен әйел жолсеріктер орындайды. Сонымен қатар бұл вагонда жеті жасқа дейінгі ұл балалардың бірге жүруіне рұқсат берілген. Касса қызметкеріне әйелдер вагонынан орын таңдағыңыз келетінін алдын ала айту қажет. Сонымен қатар билеттерді bilet.railways.kz ресми сайтынан онлайн сатып алуға мүмкіндік бар. Онлайн рәсімдеу кезінде билеттің әйелдер вагонына тиесілі екенін білдіретін «ӘВ» (әйелдер вагоны) белгісіне назар аудару керек», – делінген компания таратқан хабарламада.

Естеріңізге салсақ, қазір әйелдер вагондары №77/78 «Алматы – Маңғыстау»; №351/352 «Алматы – Маңғыстау»; №45/46 «Павлодар – Түркістан»; №37/38 «Маңғыстау – Семей»; №47/48 «Атырау – Астана»; №33/34 «Ақтөбе – Алматы»; №4/3 «Астана – Алматы»; №71/72 «Астана – Шымкент»; №354/353 «Астана – Семей»; №24/23 «Ақтөбе – Алматы»; №25/26 «Алматы – Шымкент»; №614/613 «Орал – Маңғыстау» бағыттарында бар.

Шолпан КАРИНОВА,
«AMANAT» партиясының хатшысы:

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМНЫҢ МӘНІ – ӘР ЖАННЫҢ ӘЛЕУЕТІН ЕСКЕРУ

Қазақстанда инклюзивті қоғам құруға ұмтылыс бар, алайда бұл жолда шешімін күткен мәселелер жетерлік. Еңбекке жарамды мүмкіндігі шектеулі азаматтардың көпшілігі әлі де толыққанды жұмысқа орналаса алмай келеді. Қоғамда оларды тең мүмкіндіктердің иесі ретінде емес, қамқорлыққа мұқтаж топ ретінде қабылдау басым. Инфрақұрылымның қолжетімділігі, кәсіби даярлық, жұмыс берушілердің жауапкершілігі сияқты салаларда әлі де жүйелі өзгерістер қажет. Осы өзекті мәселелерді тарқатып, олардың шешу жолдарын талқылау үшін «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Кариновамен сұхбат құрдық.

– Шолпан Таңатқызы, бүгінгі таңда Қазақстанда инклюзивті қоғам қалыптастыру қандай деңгейде деп ойлайсыз? Бұл бағытта мемлекет, бизнес пен азаматтық сектордың ынтымақтастығы қандай рөл атқаруда?

– Бүгінде Қазақстанда инклюзивті қоғам біртіндеп қалыптасып келеді. Әр адам өзінің денсаулық жағдайына немесе басқа ерекшеліктеріне қарамастан, қоғамда өз орнын тауып, пікірін еркін жеткізіп, еңбекке араласа алатын мүмкіндікке ие болуда. Біз қазір теория жүзінде емес, нақты тәжірибе деңгейінде жұмыс істеп жатырмыз: мүмкіндігі шектеулі жандар еңбекке тартылып, білім алып, қоғамдық өмірге белсенді қатысуда. Бұл оң өзгерістер мемлекеттің, бизнестің және азаматтық сектордың өзара бірлескен жұмысының, ашық диалог пен шынайы серіктестіктің нәтижесі деп айта аламын. Бұған дейін де Мемлекет басшысы орнықты және инклюзивті экономикалық өсімге бағытталған маңызды курсты айқындап берген болатын. Осы тұрғыда еңбек етуге және дамуға дайын адамдардың қоғам өмірінен тыс қалмауы аса маңызды.

Айта кетсек, 2024 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша Қазақстанда 725 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі адам тұрады, олардың 58%-ы немесе шамамен 420 мыңы еңбекке жарамды жаста. Алайда олардың тек 32%-ы ғана ресми түрде жұмыс істейді. Бұл сандар мүмкіндігі шектеулі адамдардың еңбекке орналасу деңгейін арттырудағы мәселелерді көрсетеді.

Жалпы алғанда, инклюзивті саясатты дамыту және осы санаттағы азаматтарды жұмысқа орналастыру жағдайларын жасау – бұл тек әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар ел экономикасын дамытуға қосатын үлес деген сөз. Осы мақсатта 2016 жылдан бастап елімізде жұмыскерлер санынан 2%-дан 4%-ға дейінгі мөлшерде жұмыс орындарына квота белгілеу жүйесі енгізілді. Бұл – оң қадам. Дегенмен, шын мәнінде, кәсіпорындардың тек үштен бірі ғана бұл квотаны орындайды. Ал бұл тым күрделі жұмыс па? Меніңше, бұл жерде жүйелі түсіндіру жұмысы мен жақсы тәжірибелер жетіспейді. Сондықтан біз әлеуметтік бағдарланған кәсіпорындар туралы көбірек айтып, көрсетіп отыруымыз керек.

– «AMANAT» партиясы да бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарды. Сол бастамалардың нәтижесіне тоқталып өте аласыз ба?

– Әрине, бұл бағытта «AMANAT» партиясы бірнеше жылдан бері «Кедергісіз келешек» жобасын жүзеге асырып келеді. Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында ғана мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтары мен әлеуетін түсіндіру мақсатында еңбек ұжымдарымен 400-ден астам кездесу өткіздік. 280 бос жұмыс орны жәрмеңкесі ұйымдастырылып, 1 600-ден астам адам жұмысқа орналасты. Былтыр партия жанынан мүгедектігі бар адамдарды қолдау жөніндегі кеңес құрылды.

Сонымен қатар 2008 жылдан бастап «AMANAT» партиясының қолдауымен біз «Жан шуақ» сыйлығын табыстап келеміз. Осы уақыт ішінде 120-дан астам қазақстандық мүмкіндігі шектеулі азамат мәдениет, спорт, білім, қоғамдық қызмет салаларындағы жетістіктері үшін марапатталды.

Партияның Әйелдер қанаты инклюзивті мәдениетті ілгерілетуді басты басымдықтарының бірі ретінде айқындады. Соның айқын мысалы – «Тең мүмкіндіктер» инклюзивті спорт фестивалі. Бұл шарада мүмкіндігі шектеулі балалар мен дені сау балалар тең жағдайда жарысып, бірлескен эстафеталарға, командалық ойындарға қатысып, қозғалыстың, араласудың, өзара түсіністіктің қуанышын бөліседі.

Бұл бастама тек спорттық бастама емес. Бұл – теңдік, өзара қабылдау, бала кезден бастап өзара әрекеттесу мәдениетін қалыптастыру туралы дер едім. Бірге өскен балалар, бірге ойнап, жарысқан балалар бірін-бірі «ерекше» немесе «кәдімгі» деп бөлмейтін болады. Олар дос, серіктес, бір команда мүшесі болып, дәл осылай кедергісіз қоғамның болашағы қалыптасады.

– Инклюзивті саясаттағы халықаралық тәжірибеден біз қандай сабақ ала аламыз және оны Қазақстан жағдайына қалай бейімдеуге болады?

– Инклюзивті саясаттағы халықаралық тәжірибе Қазақстан үшін көптеген маңызды сабақ береді. Мысалы, Германияда мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа қабылдаған жұмыс берушілерге мемлекет тарапынан еңбекақысының 70%-ына дейін өтемақы төленеді. Бұл – жұмыс берушілерді инклюзивтілікке ынталандыратын тиімді механизм. Франция квота талаптарын орындамаған кәсіпорындарға айыппұл салынады, яғни заң талаптарын сақтауға нақты жауапкершілік жүктеледі. Ал Жапония 50 жылдан астам уақыт бойы мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмысқа орналастыру туралы арнайы заңды қолданады, онда қаржылық қолдау тетіктері нақты көрсетілген. Қазақстанда да инклюзивті саясатты дамыту үшін қажетті заңнамалық база бар.

Бүгін мен инклюзивті еңбек нарығын дамытуға нақты үлес қосып жүрген азаматтарға алғыс білдіргім келеді. Эмин Аскеров – бизнес үшін пайда ғана емес, сонымен бірге құндылық маңызды деген ұстанымды ұстанатын жаңа буын кәсіпкерлерінің өкілі. Оның жобалары – адамға құрмет, тең мүмкіндік және ортақ игілікке қосқан үлес негізінде бизнес құруға болатынының айқын үлгісі.

Тағы бір мысал – «Болашақ» қорының партия қолдауымен жүзеге асырған Оқу-өндірістік комбинаттар. Жоба жетекшісі – Динара Гаплан. Онда 34 ерекше білім беру қажеттілігі бар жасөспірім оқуын аяқтады. Олардың бірі – аутизмі бар жас жігіт, ол бүгінде колледжде оқиды және кондитердің көмекшісі болып жұмыс істейді. Оның анасы: «Бұрын ұлымның қоғамға белсенді араласып, жұмыс істей алатынын елестете алмап едім. Енді ол колледжде оқиды, нағыз мамандық игеруде», – деп алғысын білдіріп отыр. Дегенмен тәжірибесі жоқ адамдар тарапынан «Бұл жұмыс орындарына кім келеді? Олар еңбек функцияларын орындай ала ма? Мамандар бар ма?» деген сұрақтар туындайтыны рас. Жауап айқын: мамандарды дайындау керек. Оқыту керек. Қолдау қажет. Осы орайда кәсіптік оқыту – бұл негізгі әлеует деп есептеймін. 2030 жылға қарай елімізде жастар жұмыс күшінің 80%-ын құрайды. Олардың қатарында бүгінде қолдауға мұқтаж жастар да бар. Сондықтан оларды бейімдеп, кәсіби бастамаларына жол ашу – бәріміздің міндетіміз.

– Ал болашақта шынайы инклюзивті қоғам құру үшін қандай ұзақмерзімді мақсаттар мен міндеттерді айқындау керек?

– Биыл Қазақстанда «Жұмысшы мамандықтарының жылы» болып жарияланды. Бұл – өз еңбегімен құндылық жасайтын адамдардың беделін арттыруға берілген мүмкіндік. Бұл қозғалыста мүмкіндігі шектеулі жастар да қатардан тыс қалмауы керек. Партия, қоғам және мемлекет ретінде – біз барлық тосқауылдарды жоюға міндеттіміз. Көп жағдайда басты кедергі мүгедектіктің өзі емес, ішкі үрей, мотивацияның болмау, оқшаулықты сезіну болады. Мұны біз өзгертуіміз керек. Бүгінде қоғамымыз, өкінішке қарай, мүмкіндігі шектеулі жандарды әлі де әлсіз топ ретінде қабылдайды. Көмекке мұқтаж, қорғауға тиіс, «жағдай жасап беру керек» деген көзқарас басым.

Біздің көзқарасымыз түбегейлі өзгеруі қажет. Мүгедектігі бар адам – бұл қамқорлық объектісі емес. Ол – белсенді, ойлы, еңбекке қабілетті, мақсатты тұлға. Олар «ерекше» емес, тең. Олардың да арманы, мақсаты, еңбек етуге, дамуға, қоғам өміріне араласуға құқығы бар. Кейде сыртқы кедергілер: инфрақұрылымның бейімделмеуі, жұмыс берушілердің көзқарасы, формалды шектеулер кедергі болады. Бірақ жиі кездесетін басты себеп – қоғамның ішкі көзқарасы. «Бұл адамдарға тек көмектесу керек, жұмысқа араластырмау керек» деген ұстаным дұрыс бағыттағы жұмысты тежейді. Бұл көзқарас тәуелділікті тудырады, ал шын мәнінде еңбек пен белсенділік адамға ар-намыс, дербестік және өмірлік мағына береді.

Сондықтан біз «Мүгедектігі бар адамдар үшін не істей аламыз?» деп емес, «Біз олармен бірге не істей аламыз?» дегенге ауысуымыз керек. Бұл тек сөз ауыстыру емес, ойлауымыздың өзгеруі. Нағыз инклюзивті қоғамның мәні – әр адамды «жүк» ретінде емес, ресурс ретінде көру. Инклюзивтілік – бұл жанашырлық жасау емес. Бұл – тығыз қарым-қатынас, кәсіпқойлық, үрдістерді бейімдеу деген сөз. Бұл – қалыпты жағдай түсінігінің аясын кеңейту. Қорытындылай келе айтарым, мүгедектігі бар адам – бұл қоғам дамуының субъектісі, еңбек, білім, мәдениет салаларының толыққанды қатысушысы.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ДҮЙСЕН

> **Инклюзивті саясатты дамыту және осы санаттағы азаматтарды жұмысқа орналастыру жағдайларын жасау – бұл тек әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар ел экономикасын дамытуға қосатын үлес деген сөз.**

ПАРТИЯАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

«AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев бастаған Қазақстан Республикасы делегациясы, Қытай Халық Республикасының Үрімші қаласында өткен ШЫҰ елдері саяси партиялары форумына қатысты. Форумның тақырыбы: «Шанхай рухын ілгерілету және ШЫҰ тұрақты дамуына жәрдемдесу: саяси партиялардың міндеттері мен миссиясы».

Форум жұмысына ШЫҰ Бас хатшысы Нұрлан Ермекбаев, Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитетінің халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісі Лю Цзяньчао және басқа да жоғары лауазымды тұлғалар қатысты. Барлығы 26 елден 60 партияның өкілдері жиналды. Іс-шара аясында екіжақты кездесулер өтіп, партияаралық ынтымақтастық пен мемлекетаралық байланыстарды нығайту мәселелері талқыланды.

Өз сөзінде Ержан Жылқыбаев форумның өту орнының маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, Қазақстан үшін достық пейілдегі Қытай дәл осы Шыңжаң арқылы ашылады – көпғасырлық көрші, стратегиялық серіктес әрі сенімді дос. Ол өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошановтың осы өңірге сапар жасағанын еске салды. Бұл сапарлар Шыңжаңның қазақ-қытай диалогындағы ерекше орнын көрсетеді.

«AMANAT» партиясының хатшысы ШЫҰ елдері саяси партияларының делегацияларын қарсы ала отырып, аталған кездесу әлемде күрделі геосаяси дағдарыстар болып жатқан жауапты кезеңде ұйымдастырылғанын атап өтті. «Әрбір шиеленістің жаңа толқыны экономикадан бастап гуманитарлық байланыстарға дейін барлық салаларға тікелей әсер етеді», – деді ол. Осы ретте Ержан Жылқыбаев ШЫҰ-ның тұрақтылық пен сенімділіктің маңызды платформасы ретіндегі рөлін күшейтуге шақырды.

Қазақстандық делегация басшысы жаһандық тұрақсыздық жағдайында партияаралық ынтымақтастықтың нығая түсетінін айтты. Мұндай байланыстар саяси көшбасшылар мен халықтар арасындағы өзара түсіністікті арттырудың маңызды арнасы саналады.

Ержан Жылқыбаев 2024 жылы Астанада өткен ШЫҰ саммитінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтқан сөздерін еске салып, ШЫҰ-ның бірегейлігі – барлық қатысушының тең құқығы мен әрқайсысының мүддесіне құрметпен қарауда екенін атап өтті. Осы орайда ол саяси партиялардың маңызды міндеті – халықтар арасындағы диалог пен ынтымақтастықтың алтын көпіріне айналу екенін айтты.

«AMANAT» Парламенттегі көшбасшы партия ретінде партияаралық қатынастарды белсенді дамытып келеді. Хатшы өткен жылы Қазақстанға Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің мемлекеттік сапары барысында Қытай Коммунистік партиясымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылғанын еске салды. Бұл құжат екі партия арасындағы байланыстарды нығайтуға, мемлекеттер арасындағы достық және тату көршілік қатынастарды дамытуға, сондай-ақ жан-жақты стратегиялық әріптестікті кеңейтуге бағытталған.

Форум аясында Ержан Жылқыбаев Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитетінің халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісінің орынбасары Чэнь Чжоумен кездесті. Оның барысында тараптар екі ел арасындағы жоғары деңгейдегі саяси сенімділікті атап өтіп, партияаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

«AMANAT» партиясының хатшысы Қытай Коммунистік партиясының Бас хатшысы Си Цзиньпиннің басшылығымен Қытай мемлекеті «Қытай ұлтының ұлы жаңғыруы» мақсатына сенімді қадам басатынына сенім білдірді.

Кездесу барысында Қазақстан мен Қытай арасындағы жаңа кезеңдегі қарым-қатынастарға ерекше назар аударылды.

Мемлекеттік сапарлар, сауда-экономикалық ынтымақтастықтың бұрын-соңды болмаған деңгейге жетуі, мәдени алмасулар, визасыз режим енгізу, мәдени орталықтардың ашылуы, жаңа теміржол бағыттарының салынуы, сондай-ақ алдағы маусым айында өтетін екінші «Орталық Азия – Қытай» Саммитіне дайындық барысы атап өтілді.

Кездесу соңында Ержан Жылқыбаев форумның Шыңжаңда өтуінің символдық маңызын тағы бір мәрте атап өтіп, бұл өңірдің «Бір белдеу, бір жол» бастамасын жүзеге асырудағы маңызды рөлін ерекше атады. Ол партияаралық тұрақты байланыстардың арқасында Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық серіктестік одан әрі нығайып, өзара құрмет пен гүлденуге негізделген ортақ болашақ құрылатынына сенім білдірді.

Сонымен қатар «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев «Шыңжаң күнделігі» газеті мен «Синьхуа» ақпарат агенттігіне сұхбат берді. Әңгіме барысында ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған стратегиялық реформалар, Қазақстандағы партиялық құрылыс тәжірибесі және екіжақты күн тәртібіндегі өзекті мәселелер туралы баяндады.

Бұдан бөлек, Қазақстан делегациясы Ханчжоу және Үрімші қалаларында бірқатар өндірістік, әлеуметтік және туристік нысандарды аралады.

Елнар ЕЛТАЙ

29 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

Президенттің Жолдауында халықтың, әсіресе өскелең ұрпақтың психикалық денсаулығын, психологиялық қолдау қызметтерін құрудың маңыздылығы атап өтіледі. Бүгінде елімізде психологиялық қызмет көрсету саласының дамуы өзекті мәселелердің біріне айналды. Қолданыстағы бірыңғай стандарттар мен лицензиялау жүйесі мамандардың кәсіби деңгейіне қаншалықты кепіл болып отыр? Жыл сайын дайындалып жатқан 6,5 мыңнан астам психологтің білім сапасы мен практикалық қабілеттерін бақылау тетіктері қандай? Осы бағытта әзірленіп жатқан заң жобасы саладағы қандай проблемаларды қамтиды? Біз мұны «Алаңда» сарапшылардан сұрап көрдік.

ЖАН ДҮНИЕГЕ ЖАНАШЫРЛЫҚ

– Қазақстанда қазіргі қолданыста психологиялық қызмет көрсетудің қандай бірыңғай стандарттары мен лицензиялау жүйесі бар?

Айна МЫСЫРӘЛІМОВА,
Мәжіліс депутаты:

– Мемлекет халықтың психологиялық саулығын сақтау үшін бірнеше стратегиялық қадамдар жасап жатыр. Атап айтқанда, психологиялық қызмет көрсету заңнамалық деңгейде жетілдірілуде, бұл балалар мен ересектердің психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар психотерапевттер мен психологтер үшін кәсіби құзыреттілік деңгейі және олардың қызметін бақылау жүйесі күшейтілуде. Мемлекет психикалық денсаулықты жақсарту үшін білім беру жүйесі мен мемлекеттік мекемелерде психологиялық көмек көрсету қызметтерін дамытуға бағытталған шаралар қабылдауда. Психологтер мен психиатрлар үшін арнайы даярлық пен білім беру бағдарламаларын жетілдіру маңызды болып табылады. Сондай-ақ әлеуметтік қолдауды күшейту, профилактикалық шараларды енгізу және балалар мен жасөспірімдер арасында психикалық денсаулықты сақтау үшін кешенді шаралар қажет.

Шолпан КАРИНОВА,
«AMANAT» партиясының хатшысы:

– Бүгінгі таңда Қазақстан әлеуметтік қолдаудың толыққанды институты ретінде психологиялық қызметті қалыптастырудың маңызды кезеңінде тұр. Алайда бірыңғай лицензиялау жүйесінің, кәсіби стандарттардың және психологтердің біліктілігін растау механизмдерінің болмауы алаңдаушылық тудыруда. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ашық деректеріне сәйкес, елде 13 000-нан астам психолог маман жұмыс істейді, бірақ олардың қызметін орталықтандырылған есепке алу жоқ, ал статистика салаларға (білім беру, денсаулық сақтау, жеке практика, әлеуметтік сала) бөлініп жүргізіледі. Нормативтік реттеулер де салалар бойынша бар, бірақ толыққанды бірізділік қамтылған ұстаным жоқ.

Ұлттық классификаторда белгіленген 27 психолог мамандығының жиырмасы бойынша нақты біліктілік талаптары жоқ. Бұл салаға тиісті білімі мен арнайы құжаты жоқ адамдардың енуіне мүмкіндік береді. Әрине, білікті, кәсіби мамандар бар, олардың қатары да аз емес. Дегенмен де қысқамерзімді, сенімсіз, оның ішінде онлайн курстардан өткен кейбірі мекемелер мен орталықтарда жұмыс істеп, жеке орталықтар ашып, кәсіби көмекті күмәнді тәжірибемен алмастырып отыр. Олардың әрекетіне бақылау жоқ, бұл бүкіл мамандыққа көлеңке түсіруде және қоғамға, адамдарға қауіп төндіреді. Бұл тұрғыда «AMANAT» партиясы жанындағы Әйелдер қанатының бастамасы ерекше маңызды. Ол еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен сарапшыларын тарта отырып, психологиялық қызмет туралы заң жобасына негіздеме әзірлеуде. Бұл жұмыс аясында мамандар болашақта кім психолог бола алатынын айқындап, мамандардың бірыңғай тізілімін жасап, кәсіби даярлық пен практикалық талаптарды нақтылап, әсіресе психодиагностика саласында міндетті сертификаттауды енгізуді ұсынып отыр. Олар психологиялық көмекті мемлекеттік әлеуметтік саясаттың ажырамас бөлігі ретінде қарастыруды ұсынуда. Әрине, заң шығару бастамасы бар құзыреттер шеңберінде бұл ұстанымдар әлі де нақтыланады, кеңейтіледі, толықтырылады деп есептеймін.

Нұргүл ТОҚСАНБАЕВА,
психология ғылымдарының докторы, профессор:

– Еліміздің жоғары оқу орындарында психолог мамандарды даярлау бірыңғай стандарттар мен арнайы лицензия негізінде ғана жүзеге асырылады. Университеттерде білім алатын студенттердің кәсіби дайындық деңгейі мен практикалық бейімділігі жоғары. Мәселен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалпы психологиямен қатар, салалық бағыттағы мамандар да дайындалады. Атап айтқанда, әскери, этнопсихология, кроссмәдени және эксперименттік психология, сондай-ақ басқару, құқық, түзету (коррекциялық) психологиясы оқытылады. Университет базасында әртүрлі психологиялық орталықтар жұмыс істейді. Соңғы үш жыл ішінде студенттер болашақ маман ретінде 9 кредиттік пән аясында осы орталықтарда тәжірибеден өтіп келеді. Нағыз кәсіби маман қалыптастыру үшін білім беру базасының мықты болуы аса маңызды. Дегенмен қазіргі қоғамда психолог мамандығының мәртебесі мен бағасы өз деңгейінде қалыптаспаған. Менің ойымша, бүгінгі таңда университетті тәмамдаған жастар, әсіресе тәжірибеден өткен түлектер, жоғары деңгейдегі практик-мамандарға айнала алар еді. Алайда олардың кәсіби өсуіне жағдай жасайтын және қолдау көрсететін орталықтар өте аз. Егер мемлекет тарапынан ауқымды психологиялық орталықтар ашылып, сол жерде тәжірибелік тренингтер мен кәсіби тәжірибе ұйымдастырылса, психологтер халыққа сапалы әрі қолжетімді көмек көрсете алар еді. Мысалы, ірі емханалар тәрізді ғимараттарда арнайы кабинеттер ашылып, психологтер бірнеше сағат бойы азаматтарға диагностика жүргізіп, практикалық көмек көрсетуге мүмкіндік алса, бұл сала әлдеқайда қарқынды дамитын еді.

– Мемлекет халықтың психологиялық саулығын әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігіне айналдыру үшін қандай стратегиялық қадамдар жасап отыр?

Айна МЫСЫРӘЛІМОВА:

– Психологиялық қызмет көрсету саласындағы жаңа заңнамалық бастамалар қазақстандық қоғамның психологиялық денсаулығын жақсартуға бағытталған кешенді шараларды қамтиды. Бұл шаралар мемлекеттік және жеке секторлардың бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асырылып, барлық деңгейде жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Біріншіден, психологиялық қызмет көрсету заңнамалық деңгейде реттелетін болады, мұнда тәрбие процесінің білім беру жұмысының ажырамас бөлігі екендігі атап өтілмек. Қазіргі таңда қоғамда ата-аналардың өз балаларының психологиялық әл-ауқатына жауапкершілікті жеткілікті деңгейде алмағаны байқалады. Жас ата-аналар, ажырасулар мен жалғызбасты аналар көбінесе баланы тәрбиелеуде қиындықтарға ұшырайды. Бұл баланың психоэмоционалды жағдайына теріс әсер етіп, тұрақсыздық пен күйзеліс туғызады. Психологтер мен психиатрлардың мұндай отбасыларға сапалы қызмет көрсетуі маңызды. Екіншіден, қылмыстық мінез-құлықты, әлеуметтік ауытқуларды анықтау және олармен жұмыс істеу үшін психологтердің арнайы мекемелерге қатысуы міндетті болады. Әсіресе, ювеналды полиция мен жасөспірімдер ісі жөніндегі комиссиялармен жұмыс істеу қажеттілігі артуда. Психологтер психикалық ауытқулары бар тұлғалармен жұмыс істеуге міндетті мамандар ретінде заңнамалық тұрғыда бекітілмек. Үшіншіден, жасөспірімдердің психологиялық әл-ауқатын қолдау үшін кәсіби мамандардың құзыреттілігіне баса назар аударылатын болады. Құпиялылық қағидаттарының сақталуы және бұл талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілікті заңды түрде белгілеу қажет.

Шолпан КАРИНОВА:

– Менталдық денсаулықты мемлекеттік саясаттың бір тармағына айналдыру – заманауи сын-қатерлерге берілген жауап. Бүгінде барлық елдер осы проблемалық сұрақтарды назарына алып отыр. Біздің қоғамымыз да оларды сезіп отыр, тыс қалып жатқан жоқ. Ашық деректерде алаңдатарлық ақпараттар бар, олар эмоционалды шаршауға ұшырау, депрессиядан зардап шегу, ұйқысыздыққа шалдығу, апатиямен күресу. Бұл – жай ғана деректер емес, қоғам тарапынан сапалы психологиялық көмекке деген жоғары сұраныстың көрінісі. Әйгілі будда философы, Нобель сыйлығының лауреаты Далай Лама: «Ішкі тыныштық болмаса, адам қаншалықты жайлы өмір сүрсе де, бақыт пен қауіпсіздік сезімі болмайды» деген болатын. Ал американдық психолог, қажеттіліктер иерархиясы теориясының авторы Абрахам Маслоу «Қауіпсіздікке деген қажеттілік – адамның негізгі психологиялық қажеттіліктерінің бірі. Бұл қажеттілік қанағаттандырылмаса, тұлға толық дами алмайды» деген. Ендеше қандай да болмасын қоғамдағы психологиялық ахуал халықтың негізгі жағдайына әсерін тигізбей қоймайды. Осы жағдайға байланысты «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты еліміз бойынша жетекші мамандарды біріктіретін жұмыс тобын құрып, академиялық қауымдастық, денсаулық сақтау және білім беру өкілдерін, салалық эксперттерді, жеке меншік секторды тартты. Бір жарым жылдан астам уақыт ішінде 200-ден астам сараптамалық ұсыныстар жинақталды. Халықаралық тәжірибеде де оң мысалдар бар. Финляндияда психологтердің қызметін медициналық қызметкерлер деңгейінде реттейді. Германияда мемлекеттік емтихандар мен супервизия талап етіледі. АҚШ-та психолог болу үшін қатаң лицензиялау және сертификаттау жүйесі жұмыс істейді. Қазақстан осы тәжірибелерді зерттей отырып, өз қажеттіліктерімізге сай келетін модель құруға тиіс.

Нұргүл ТОҚСАНБАЕВА:

– Қазіргі уақытта халықтың психологиялық саулығын арттыру мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл бағытта практикалық психологтердің атқаратын рөлі жоғары. Мемлекет тарапынан қолдау болса, халыққа жақын орналасқан, баршаға қолжетімді психологиялық практикалық орталықтардың жұмыс істеуіне жағдай жасалса деген ұсыныс бар. Себебі бүгінде балалар арасында буллинг, сондай-ақ мінез қиындығы жиі кездеседі. Акцентуация мәселесі кеңінен таралып отыр, ал ата-аналар бұл жағдайды еңсеруде қиындық көруде. Мектептердегі психологтер саны аз болғандықтан, барлық балаға жеке қолдау көрсетуге мүмкіндік жоқ. Сондықтан халыққа сапалы психологиялық көмек пен қолдау ұсынатын арнайы орталықтар ашылса, бұл қоғамның психологиялық денсаулығының нығаюына үлкен үлес қосар еді. Қазіргі таңда көп психолог өзін таныту үшін амалсыздан өзін жарнамалап, «мен психологпін» деп айғайлауға мәжбүр болып отыр. Бұл дұрыс емес, себебі психология – терең кәсіби дайындықты, сенім мен тәжірибені талап ететін сала. Нағыз мамандар еңбегі арқылы танылуы керек. Егер психологтерге арнап үлкен орталықтар ашылып, олар тұрақты түрде кәсіби қызмет көрсететін болса, халықтың да салаға сенімі артады. Адамдар психологтің көмегіне табиғи түрде жүгініп, психологиялық көмек алуды қалыпты әрі қажетті жағдай ретінде қабылдайтын еді.

– Қазіргі әзірленіп жатқан заң жобасы психологиялық қызметтің қандай мәселелерін қамтиды?

Айна МЫСЫРӘЛІМОВА:

– «AMANAT» партиясы «Психологиялық көмек туралы» заң жобасын әзірлеуде. Қазақстанда психологиялық қызмет көрсету саласы қарқынды дамып келе жатқанымен, әлі де шешімін таппаған өзекті мәселелер көп. Бүгінгі таңда халыққа көрсетілетін қызметтердің ашықтығы мен адам құқықтарын сақтау маңызды талап ретінде алға шығады. Еліміздегі психикалық денсаулық орталықтарында тіркелген 300 мыңнан астам адамның жағдайы, стационарлық көмек пен медициналық-әлеуметтік оңалтудың сапасы және алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесіндегі осы бағыттың даму деңгейі қайта қарауды талап етеді. Сонымен қатар қоғамда психикалық денсаулыққа қатысты жоғары деңгейдегі стигматизация байқалады. Көптеген адамдар әлеуметтік дискриминациядан қорқып, көмек сұрауға ұялады. Бұл мәселе психикалық ауытқушылықтары бар азаматтардың емделуден кейін жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне де теріс әсер етеді. Білім беру саласында да проблемалар аз емес. Мектеп психологтері жүйелі жұмыс істеуге мүмкіндігі шектеулі, ал колледждерде жастар арасындағы суицид көрсеткіші алаңдатуда. Жоғары оқу орындарында академиялық еркіндік мүмкіндіктермен бірге дайындық сапасына қатысты бірқатар кемшіліктерді де туындатуда: бірыңғай стандарттардың жоқтығы, практикалық тәжірибе алаңдарының жетіспеуі және ғылыми зерттеулердің аздығы байқалады. Осы мәселелердің барлығы елімізде психологиялық көмек көрсету қызметін заңнамалық тұрғыдан реттеу қажеттігін алға тартады. Бүгінде әзірленіп жатқан заң жобасы саладағы реттеусіздікті еңсеруге, мамандарды лицензиялау және қызмет стандарттарын енгізу арқылы халықты сапалы әрі қауіпсіз психологиялық көмекпен қамтамасыз етуге бағытталған. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, тиімді лицензиялау, қатаң стандарттар мен этикалық нормалар – саладағы сенімділіктің кепілі. Сондықтан Қазақстан да осы бағытта жүйелі және батыл қадамдар жасауға тиіс.

Шолпан КАРИНОВА:

– Әлі жұмыстың тек басы ғана. Заң жобасы деп айтуға ертерек. Нақты Парламент Мәжілісі жұмысқа кіріскенде заң жобасы бойынша айтуға болатын болады. Ал қазіргі мәтінде төмендегідей негізгі мәселелерді шешу үшін негіздемелер ұсынылды: психолог мамандығының құқықтық реттелуінің болмауы; кәсіби емес қызметтің (т.с.с. «жалған психолог») бақылаусыз таралуы; дипломы бар мамандардың бірыңғай ұлттық тізілімінің жоқтығы; білікті, арнайы кәсіби білімді мамандармен қатар шынайы білімі жоқ мамандардың қызметтерді қатар ұсынуы, соның салдарынан кәсіпке келтіріліп жатқан зияндардың болуы; психодиагностика мен кәсіби этика саласындағы стандарттардың жеткіліксіздігі; жеке деректер қауіпсіздігіне байланысты проблемалар; өңірлер бойынша көмекке қолжетімділіктің теңсіздігі және т.б.

Сарапшылар кәсіби стандарттарды бекіту, міндетті аттестация мен тәуелсіз біліктілік кеңесін құру, еңбек функцияларын бекіту, біліктілік талаптары, жүктеме нормативтері мен оқу бағдарламаларына негізгі талаптар енгізуді ұсынады. Сонымен қатар цифрлық қауіптерге – кибербуллинг, әлеуметтік желілердегі манипуляциялар, жасанды интеллекттің жасөспірімдерге әсеріне ерекше назар аудару қажет екендігі айтылды. Заң жасау қажеттілігін мемлекеттік және кәсіби деңгейде қолдау – оның қоғамдық маңыздылығын көрсетеді. 2025 жылдың көктемі мен жазы – құжаттың негізгі тетіктерін нақтылау үшін стратегиялық кезең. Заңды іске асыру – жалған мамандардан арылуға, мамандыққа деген сенімді қалпына келтіруге және қоғамға сапалы, этикалық, қолжетімді психологиялық көмек көрсетуге, сол арқылы қоғамда дұрыс психологиялық ахуалды қалыптастыруға және дамытуға жол ашады. Бұл жұмыс – жай ғана болашақ құжатты әзірлеу емес, кәсібилік, этика және адамға қамқорлық қағидаттарына негізделген болашақ психологиялық көмек жүйесінің іргетасы.

Нұргүл ТОҚСАНБАЕВА:

– Психология – психикалық құбылыстардың даму заңдылығын зерттейтін ғылым, ал психика – мидың функционалдық қызметі. Құбылыс ұдайы құбылып тұрады. Сондықтан оны бірыңғай стандартқа байлап, емдей алмайсың. Бұл шаруаны кәсіби маманның еншісіне қалдырамыз. ЖОО қабырғасында психологтің құзыретіне не кіретінін, диагностикадан бастап эксперимент барысында емделушімен қарым-қатынас тәртібіне дейін үйретеміз. Сондықтан әзірленіп жатқан заң жобасы аясында психологтерге және педагог-психологтерге (бұл екеуі екі түрлі мамандық) жағдай жасауды, олардың халықпен жұмыс істеуіне, мейлінше тегін қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік жасауын қарастырсақ игі.

Дайындаған
Айдана НҰРМҰХАН

КЕРЕК ДЕРЕК:

■ *Қазақстанда психикалық денсаулық орталықтарында қазіргі уақытта 300 мыңнан астам адам тіркелген, бұл жалпы халықтың 1,5%-ын құрайды.*

■ ***Елімізде психиатриялық көмек көрсету саласында 368 маман жетіспейді. Бұл қатарда 83 психиатр, 69 балалар психиатры, 81 психотерапевт, 60 психолог және 75 әлеуметтік қызметкер бар.***

■ *Алғашқы психикалық денсаулық сақтау орталықтарында жұмыс істейтін мамандарға арналған нормативтер бар. Мысалы, бір психиатрға 20 000 адамға дейін бекітілген, бір балалар психиатрына немесе психотерапевтке 60 000 адамға дейін бөлінген. Алайда қазіргі уақытта республика бойынша 202 жұмыс орны ғана бар, оның ішінде 163 физикалық адам жұмыс істейді. Осылайша, қазіргі күні мамандар санының тапшылығы айқын.*

■ ***Қазақстанның әлеуметтік саласында жұмыс істейтін 11 мыңнан астам психолог бар, бірақ олардың жұмысы әртүрлі жүйелерде бөлінген және стандарттаудың жоқтығы кәсіби деңгейде бірізділіксіздік тудыруы мүмкін.***

■ *Қазақстанның 43 жоғары оқу орнында 17 882 студент «әлеуметтік ғылымдар» бағыты бойынша білім алуда. Бұл студенттердің ішінде 4 094 мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алып жатыр. Ал психология мамандығы бойынша 260 адам ғана оқытылуда.*

■ ***Қазақстанның медициналық жоғары оқу орындарында 68 психиатр маманы дайындалып, 2024 жылы дәрігер ретінде шықса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 86-ға, ал 2026 жылы 101-ге жетеді деп жоспарлануда. Бұл мәлімет психиатрия саласындағы мамандарға деген қажеттіліктің өсуін дәлелдейді.***

Финляндияда психологтердің қызметін медициналық қызметкерлер деңгейінде реттейді. Германияда мемлекеттік емтихандар мен супервизия талап етіледі. АҚШ-та психолог болу үшін қатаң лицензиялау және сертификаттау жүйесі жұмыс істейді. Қазақстан осы тәжірибелерді зерттей отырып, өз қажеттіліктерімізге сай келетін модель құруға тиіс.

Басқа халықты білмеймін, қазақ халқы ой баққан халық екені анық. Ой баққан халық, әрине, сөз өнеріне жақын болады да. Сол дәстүр әлі күнге үзілмей келеді. Біздегі қолына қалам ұстағандардың түгелге жуығы алдымен өлеңнен бастайды. Оның мысалын кез келген жазушы не ғалымның шығармашылығынан кезіктіруге болады. Бүгінде белгілі әдебиеттанушы ғалым Амантай Шәріп те әдебиетке өлеңмен келген.

АҚЫНДЫҚТАН БАСТАЛҒАН ҒАЛЫМДЫҚ

Сыр бойында – Қазалы өңірінде туып-өскен, «талағында биті бар» ұрпақтың Сыр сүлейлерінен хабары болмауы мүмкін емес. Базар жырау Оңдасұлы, Қарасақал Ерімбет, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Нұртуған Кежеғұлұлы секілді даңғайыр ақындардың жырлары ел аузында жүретін мекенде олар туралы хабарсыз болуы қиын. Оның үстіне, бұл аймақта жыраулық өнер қатты дамыған. Күні кешеге дейін жиын-тойдың көркі солар еді ғой. Сондықтан Сыр сүлейлерінің шығармаларын жұрт кітаптан бұрын жыраулардың айтуынан естіп, құлағына құйып алатын. Міне, осындай ортадан шыққан Амантай Шәріптің ақындыққа талпынуына таңғалудың керегі жоқ.

Өлеңді мектеп оқушысы кезінен бастаған ол жоғары оқу орнына түскеннен кейін оған біржола бет бұрған-ды. Алайда тумысынан сөз өнеріне жақын болса да ата-анасының қалауымен ол Шымкенттегі Қазақ химия-технология институтына оқуға түсті. Сол білім ордасының бірінші курсында жүріп, өлеңдері «Пионер» (қазіргі «Ақжелкен») журналына жарияланды. Бұл – оның қандай оқу оқыса да әдебиеттен іргесін аулақ салмайтынының нышаны еді. Атақты ақын Фариза Оңғарсынова басқарып отырған журнал жастарға арналғанымен оған мықтылар ғана шығатын ол кезде. Амантайдың республикалық деңгейдегі басылымнан көрінген сол өлеңдері оған болашағынан үміт күттіретін жас ақын деген атақ әперді. Өз қатарластарын жалт қаратып, аузы дуалы аға ақындардың назарына ілікті. Мұның бәрі оның ішіндегі отқа май құйғандай болды десек, артық болмас, себебі содан кейін – әлгі Шымкенттегі оқудың бар болған бір семестрін ғана аяқтап бола салып, онымен ат құйрығын үзіп кетті. Сөйтіп, ҚазМУ-дің (бүгінгі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) журналистика факультетіне оқуға түсіп, білім жолын қайта бастады. Қатарластарының кейбірі әскери қызметін бітіріп кеп оқуға енді түсіп жатқанда Амантай журфакті қызыл дипломмен бітіріп, өзі оқыған факультетте оқытушылық қызмет атқара бастады.

Әрине, журналистерді дайындайтын жерде оқытушы болдым екен деп о бастағы арманынан бас тартқан Амантай жоқ, өлеңдер жазды, аудармалар жасады (Әзербайжан ақындары Гусейн Джавид (1884-1941) пен Бақтияр Вахабзаденің (1925-2009) шығармаларын қазақшаға түпнұсқадан аударды) және олардың бәрі баспасөзде жарияланып жатты. Солайша, ол әдебиетке 80-жылдарда келген толқынның қатарында өзін таныта білді.

Өлеңдері «Қарлығаш», «Ұлы дала жырлары» секілді жинақтарға еніп, соңынан өзінің «Құбыла» атты жыр жинағы жарық көргенде оқырман да, әдеби қауым да әдебиетке Амантай Шәріп атты ақынның келгеніне күмәні болмаған. Өйткені өзімен бірге поэзияға өзгеше сарын, өзіндік ізденісімен келген қалам иесін бәрі де таниды ғой. Дегенмен ұзамай жырсүйер қауым оны ақындық алаңынан жоғалтып алғандай болды. Себебі тұңғыш жыр жинағынан соң біраз аудармалары жарық көрсе де жұрт Амантайдың қаламынан шыққан жырларын баспасөз бетінен көре алмай қалды. Соңғы жыр кітабы 2009 жылы «Сырдария кітапханасы» атты 200 томдыққа енді. Ал бұл кезде ол түрлі қызметтерде жүріп, әдебиеттану ғылымына біржола бет бұрып кеткен еді (Амантайдың бір ғана жыр жинағы екі рет басылып шыққанын айтып өттік, ол туралы белгілі ақындар Шаһизада Әбдікәрімов «Қағазға жұлдыз қондырған», Ахмет Өмірзақ «Ақындық қана мәңгілік», Төреғали Тәшенов «Елу өлеңмен елді алған» атты мақалаларында жеріне жеткізе айтқандықтан, біз ол жағына тоқталуды жөн көрмедік).

1988 жылы ҚазҰУ-ді қызыл дипломммен бітіргеннен соң сонда стажер-зерттеуші, ассистент, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі болып 7-8 жыл еңбек еткеннен кейін 1996–1997 жылдарда Қызылорда мемлекеттік университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры қызметін атқарды. 1997–2000 жылдарда ҚазҰУ-дің докторантурасында оқыды. 1994 жылы «Сұлтанбек Қожанұлының Әдеби-публицистикалық мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады және сол жылы «Сұлтанбек Қожанұлы – әдебиетші», келесі жылы «Қайраткердің қаламгерлігі» атты зерттеу еңбектерін жариялады.

2000–2004 жылдар аралығында Еуразия университетінде кафедра меңгерушісі, гуманитарлық институт директорының орынбасары, әлеуметтік жұмыстар жөнінде проректор қызметтерін атқарған. 2004 жылдан «Қазақстан» республикалық теле-радиокорпорациясы» АҚ Қызылорда облысы филиалының директоры қызметінде болды. Сондай-ақ Түркі академиясының ғалым хатшысы, «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы қызметін атқарды. Қазір Астанадағы ең үлкен университеттің оқытушысы.

Айта кету керек, соңғы ширек ғасырда ол көптеген әдеби-сын мақалаларын жариялап, «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» (2000), «Алтын арқау» (2009), «Сөз өнері және ұлттық рух» (2010), «Рух пен рәміз» (2013), «Егеулі қалам» (2024) секілді бірнеше кітап шығарды. Бұлардың бәрі де қазақ әдебиеттану ғылымы үшін толымды еңбектер еді. «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» атты кітабы үшін 2000 жылы А.Шәріпке «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы берілді, сондай-ақ ғылымдағы жетістіктері үшін Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері атанды. Міне, осыларға қарап, оның әдебиеттану ғылымында қаншалықты жемісті еңбек еткенін көруге болатын шығар.

Жалпы, Амантайдың шығармашылық ұмырын ақын, журналист, ғалым деп үшке бөліп қарауға болады. Ақындығы туралы жоғарыда аз-кем айтып өттік, журналистік алғырлығы елге белгілі. Дегенмен жоғары оқу орындарында ұстаздық ете жүріп жасаған зерттеулері шын мәнінде оны елге кең танытты. Сондықтан Амантайды ең алдымен зерделі зерттеуші, ойы терең ғалым ретінде бағалауымыз керек.

Амантай Шәріптің шығармашылығы о басында ақындықтан басталды десек, ақындықтың негізінде отан сүйгіштік жатады. Міне, осы қасиет біздің кейіпкеріміздің ғылымдағы бағытына ұстын болды десек, қателесе қоймаспыз.

Тәуелсіздіктен бергі жерде қазақ әдебиеттану ғылымында ұлт мәселесін зерттеу кеңге қанат жая қоймаған кезде Амантайдың «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» атты кітабының жарық көруі аталған бағыттағы толымды еңбек болды. Кітапта әдебиетіміздегі ұлттық мәселелердің, мемлекетшілдік идеяның қалай қалыптасқаны жөніндегі ғалымның ой-толғамдары сүйсінтеді: «Ұлттық идея дегеніміз – этностың мезгілдік һәм мекендік факторлар арқылы айқындалатын тәжірибесі, танымы және талғамына байланысты бірте-бірте жаңғырып-жаңаланып, отыратын, бірақ өзіндік ілкі белгілерін жуық арада жоғалта қоймайтын табиғи-тарихи әрі тылсымдық бітім-болмысының, сана-сезімінің, мінезі мен мәдениетінің, соған сәйкес туындайтын әлеуметтік мұрат мүдделері мен қимыл-қозғалыстарының жалқылық та, жалпылық та мәнін жинақтаған ұйытқысы» (А.Шәріп, Қазақ поэзиясы және ұлттық идея, Алматы, 2000, 11-бет). Осылай деп тұжырым жасаған автор қазақ поэзиясының ұлттық пафосын: «Қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасуы тұсындағы көшпенді қоғамның мұраттары (жыраулық поэзия)»; «XVIII ғасырдағы жоңғар-қалмақ шапқыншылығы мен орыс отаршылдығы төбе көрсеткен тұстағы ұлттық бірігу идеясы»; «Қазақ халқының Ресейдің қол астына қарауы бірте бірте және аймақтар бойынша жүзеге асырылуы себепті қатаң хронологиялық жүйеге көне бермейтін, бірақ әртүрлі көз-қарас концепцияларды танытатын сарындары»; «XX ғасырдың басында жеткеші орынға шыға бастаған саяси күрескерлік тенденция мен және Алаш идеясы»; «Кеңестік империя кезеңіндегі ұлттық геноцид, мәдени экспанция және ассимиляциялық саясат жүзеге асқан тоталитарлық жүйе жағдайында таптық ұғымдардың тасасында астыртын күн кешіре берген этностық белгі-сипаттар»; «Егемен елге айналған Қазақстан Республикасының жаңғырып-жаңару үстіндегі ұлттың көркемөнерінің барлық саласындағы бейнеленетін өтпелі кезең бедерлері мен құндылықтары» деп алты кезеңге бөліп көрсетеді және бұларға аталған кітапта осындай жүйемен зерттеу жасап, талдап, түсіндіріледі. Бұл арқылы ғалым қазақ әдебиетінде азаттыққа ұмтылуын бір сәтке де тоқтатпаған халықтың өр рухы мен күрескерлік қасиетінің ешқашанда өшпей, әдебиетте үнемі көтеріліп отырғанын, сол арқылы қазақтың ұлттық болмысы сақталып, рухани тұрғыдан үнемі жаңарып, жетіліп отырғанын көрсетеді.

Әдебиеттен толық хабары жоқ адамдар бәрін оп-оңай жоққа шығара салады. Тіпті, кейде бізде анау жоқ, мынау жоқ деп аузын қу шөппен сүртіп, бойына сөз киесі қонған тұлғалардың қаншама ғасырдан бері ұлтты сақтау жолындағы ерен еңбегін мансұқтап отырғанын білмейді. Міне, сондайлар Амантай Шәріптің «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея», «Сөз өнері және ұлттық рух» кітаптарын оқыса алты ғасырдан бері ұлтын жебеп, демеп келе жатқан қазақ әдебиетінің қадір-қасиетін ұғып, оған деген құрмет сезімі оянар еді.

Амантай Шәріптің жоғарыда аталған екі кітабында айтылған идеялары оның «Рух пен рәміз» кітабында да жалғасын тапқан. Онда ол қазақ әдебиетіндегі отаншылдық, мемлекетшілдік идеясының сонау түркілер дәуірінен бері желі тартатынын талдай келе, Жер-Ана архетипінің мәнін ашады. Сөйтіп, ғалым оның жалғасын қазақ әдебиетінен тауып былай көрсетеді: «Идеялық тез-таразыға түскен заматтарда жекелеген топонимикалық атаулардың қасыбірі ұлттық символға ұласуы ықтимал. Мысалы, ақындар «Жиделібайсын» ұғымына жұртты утопиялық немесе антиутопиялық көңіл-күй жайлаған кездерде қайта-қайта орала соғып отырса, «Сарыарқа» сөзінің идеялық-көркемдік эволюциясы тіпті қызық; ол жай мекендік мағынаны білдіруден бастап жалпықазақтық бүтіндік пен бірлікті айғақтайтын атауға айналып үлгерген, соның сылтау-себебімен кеңес өкіметі кезеңінде белгілі бір уақытқа дейін осы атауды өлеңге кіргізудің өзі ұлтшылдықтың белгісі ретінде бағаланған» (А.Шәріп. Рух пен Рәміз, Алматы, 2013, 6-7 бет).

Көріп отырғанымыздай, қазақ азаттығын жырлаудың символы болған атаулардың өзіне Амантай мәдени-философиялық тұрғыдан қарап, оның қатпарында жатқан мәнді ашады. Мұны ғылым үшін ғалым атану емес, ғылымды халыққа барынша пайдалы ету жолындағы үлкен ізденістерге барып, одан халықтық мән, философия табу десе болар.

Жалпы, ғылым жолында жүргендердің ескере бермейтін бір кемшілігі болады, ол ғылым – ғылым үшін деген принцип. Әрине, тыңғылықты зерттеулер ғылымды дамытып, оны тереңдете түседі, бірақ екінші жағын да ескеру керек: яғни, ғылым түрлі терминдермен сіресіп, оқуға ауыр, түсінуге қиын болса ғылыми туындылар жазылған жерінде қалып, санаулы адамдар ғана пайдаланатын құралға айналуы мүмкін. Ондай әдет әдебиеттану ғылымында да жиі кездеседі. Сондықтан көп нәрсе халыққа жетпей, ғылымдағы жетістіктер бағаланбай, танылмай қалады. Ал Амантай Шәріптің кітаптары ондай қолдан жасалған ауырлықтан ада. Жеңіл оқылады, тілі төгіліп тұрады. Сосын көптеген зерттеушілердің назарынан тыс қалып жататын халыққа ең керекті жайларды қаузап, барынша ұғынықты түсіндіріліп отырады.

«Геометрия сияқты поэзияға да шабыт керек» деп орыстың ұлы ақыны А.Пушкин айтқандай, ғылыми туындылар да шабытпен, сезіммен жазылмаса, жазушының прозасындай, ақынның поэзиясындай сезімге әсер етіп, ойды түртпесе ғылыми туындылардың халыққа жетуі, олардың сүйсінісін оятуы қиын. Ал Амантай Шәріптің ақындықтан бастау алған ғалымдығында ондай кемшілік жоқ. Сондықтан оның қаламынан шыққандардың қай-қайсысы да жарық көрген бетте жұрттың назарын аударып, көңіліне жетіп жатады. Ғалымдықтың бақыты осы болса керек.

Өлеңдері «Қарлығаш», «Ұлы дала жырлары» секілді жинақтарға еніп, соңынан өзінің «Құбыла» атты жыр жинағы жарық көргенде оқырман да, әдеби қауым да әдебиетке Амантай Шәріп атты ақынның келгеніне күмәні болмаған. Өйткені өзімен бірге поэзияға өзгеше сарын, өзіндік ізденісімен келген қалам иесін бәрі де таниды ғой.

Бегабат ҰЗАҚОВ,
жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ҚҰНАНБАЙДАН ҚАЛҒАН ҚҰНДЫ МҰРА

Тарих – ұлттың тамыры. Ал тарихын ұлықтамаған ұлттың болашағы бұлыңғыр екені хақ. Бүгінде есте жоқ ескі заманнан жеткен құнды жәдігерлеріміз аз емес. Кейбір құндылықтарымыз топырақтан аршылып, күні бүгінге дейін жарыққа шығарылуда. Одан бөлек, кезінде қолдан-қолға мұра болып қалып, қазір құтты тұғырын тауып жатқан жәдігерлеріміз де баршылық. Соның бірі – Құнанбай ауылынан жеткен ағаш табақ.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы Саудакент ауылының тұрғыны 83 жастағы Ақбай Ысқаққызы құнды ағаш табақты талай жыл көзін қарашығындай сақтап келген. Ақбайдың әкесі – Ысқақ болса, оның әкесі – Мәулен, ал Мәуленнің әкесі – Өте. Міне, осы Өте өз дәуірінде ел басқарған болыс болған. Өте болыстың жұбайы Тәті әжеміз болса, Құнанбай қажының немере қарындасы. Тәті ұзатылар кезде оның жасауын Құнанбай қажының ауылы әзірлеген. Сол тұста қымбат бұйымдармен қатар, қыздың абыройы үшін Өте болыстың ауылына бір келе түйе де аттандырылған. Бір келеде кемі 30 түйе болатын болса, Құнанбай қажының ауылы әр қызға осы мөлшерде түйе сыйға берген. Міне, осы дәулетті қыз жасауының ішінде ағаш табақ та болған. Ақбай Ысқаққызы бабадан балаға жеткен осы мұраны талай жыл сақтап, Сарысу аудандық тарихи-өлкетану музейіне өткізіп отыр.

– Құнанбай қажы өз дәуірінде қандай тұлға болғаны тарихтан белгілі. Тәті қарындасының жасауын бір келе нарға тиеп жөнелткен. Осындай тұтас ұлтқа танымал жерден қыз айттырған Өте бабамыз да жүрек жұтқан кісі болса керек. Тәті әжеміз ауылында ерке қыз болса да, келін болғанда даналығын танытқан. Ол кезде ауылдың қыз-жігіттері түйеге бірден мініп, ауыздықтауға салатын болса, Тәті әжеміз түйелерді жуасытып ырыққа көндіруді көрсеткен. Бір сөзбен айтқанда, әжеміз мейірімді, тиісті жерде ақыл-кеңесін де беріп отырған, – дейді Ақбай Ысқаққызы.

Тәті әжеміздің артынан келген жасауларының ішінде бағалы самаурын да сақталған екен. Алайда Ақбай анамыздың інісі Сәуірбек оны «Тәті әжеміздің көзі» деп үйінде қалдырыпты. Ақбай Ысқаққызы болса, керісінше, қолындағы ағаш табақты мұражайға өткізіп, құнды жәдігерді көпшіліктің көруіне мүмкіндік туғызған.

Сарысу аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры Эльмира Көкішева мұндай бағалы сыйлыққа шексіз разылығын білдіруде.

– Музейдегі әрбір бұйым құнды. Алайда үлкен кісілердің бағалы бұйымдарын өз қолдарымен әкеліп мұражайға тапсырып жатқаны қуантады. Біз ондай тартуды ерекше бағалаймыз. Музейге келушілердің ерекше ықыласын аударатын да осындай жәдігерлер. Бірнеше ғасырдың куәсі болған ағаш табақтың бір ернеуі сәл жырылғаны болмаса, жақсы сақталған. Бұл құнды жәдігер мұражайымыздың ажарын аша түсетіндігіне бек сенімдіміз, – дейді музей директоры.

Биыл Құнанбай қажы Өскенбайұлының өмірге келгеніне 221 жыл толып отыр. Демек, ағаш табақ үш ғасырға жуық қолданыста болған деген болжам жасауға болады. Ал мұндай құнды жәдігерлер бүгінгі һәм кейінгі ұрпаққа өткен тарихты танытып, оны ұлықтауға сеп болатыны анық.

ҚОҒАМ

29 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

Қазақтың марғасқа ұлы, әдебиеттанудың заңғары, академик Сейіт Қасқабасов өмірден өтті. Академик 1940 жылы 24 маусымда дүниеге келді. 1970-1981 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінде ғылыми хатшысы әрі «Қазақ КСР Ғылым академиясының Хабарлары» атты журналының жауапты хатшысы қызметін атқарды. 1983 жылдан Алматыдағы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға, жетекші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті шығыстану факультетінің деканы, ҚР Ұлттық ғылым академиясы Әдебиет және өнер институтының директоры қызметтерін атқарған.

Сейіт Қасқабасов жалғыз әдебиет емес, ұлттың жоғын жоқтап, түгендеуде де қыруар шаруаның басында жүрді. Алаш арыстарын ақтау, қазақ прозасын зерттеу, ұлт фольклорын жан-жақты зерделеуде тындырғаны көп тұлға еді.

ДӘУІР КӨШІП БАРАДЫ...

«БАБАЛАР СӨЗІН» ҰРПАҚҚА АМАНАТ ЕТКЕН ҒҰЛАМА

Әлемге мәшһүр ғұлама ғалымның бүкіл саналы ғұмыры халық мұрасын зерделеуге арналды. Жиырмаға жаңа толған жасында Әдебиет және өнер институтының аспирантурасына түсіп, қазақтың қиял-ғажайып ертегілерін зерттеуге кіріскен сәтте-ақ ғылымға жаңа дарын иесі келгенін бірден аңғартты.

Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың 25 жасында жазған «Қазақтың қиял-ғажайып ертегісі» («Казахская волшебная сказка») атты кандидаттық диссертациясы қазақ фольклортану ғылымына соны сүрлеу салды. Осы алғашқы еңбегімен-ақ әлемдік классикалық академиялық мектеп дәстүрін Қазақстанға жерсіндірді. Қазақ халық даналығы әлемдік фольклортану ғылымының ұлы мұхитына С.Қасқабасов салған жаңа арнамен барып құйылды.

Үздіксіз ізденістің нәтижесінде 1984 жылы «Қазақтың халық прозасы» атты әйгілі монографиясы дүниеге келді. Ол туралы берісі Ресейден бастап, арысы АҚШ ғалымдарына дейін пікір білдірді. «Қазақ мифі» жөнінде алғаш рет тың тұжырымдар қорытқан тұңғыш ғалым да С.Асқарұлы еді. Кейіннен ғалымның «Казахская несказочная проза» деген еңбегі орыс тілінде жарыққа шықты. Осы екі монографиясы үшін С.Қасқабасов 1992 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Ол Алаш арыстарының мұрасын ақтап, жариялау мен зерттеу туралы тауқыметті шаруаға да белсенді араласты. Нәтижесін қазіргі ұрпақ көріп отыр.

Сейіт Асқарұлы 1989 жылы М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде «Жанры казахской народной (несказочной) прозы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Кейіннен Ұлттық ғылым академиясының академигі, әлемге мәшһүр ғұламаға, өзінің қалыптастырған мектебі бар ұлағатты ұстазға айналды. Финляндиядағы Халық шығармашылығын зерттеушілердің Халықаралық қоғамына, Шыңғысхан, Ш.Айтматов академияларына құрметті мүше болып қабылданды.

1992 жылы С.Қасқабасов Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ашылған Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның (ЖАК) тұңғыш төрағасы болып тағайындалып, қызметті абыроймен атқарды. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Шығыстану факультеті мен «Еуразия» ғылыми-зерттеу орталығын ашып, басшылық етті.

С.Қасқабасов өзінің ұшқан ұясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры болып қызмет еткен он жылдың ішінде өз басшылығымен «Қазақ әдебиеті тарихының» 10 томдық жаңа басылымы, 5 томдық «Қазақ музыкасының тарихы», 3 томдық «Қазақ өнерінің тарихы», 20 томдық «Әдеби жәдігерлер», 100 томдық «Бабалар сөзін» жарыққа шығарды. Бұл іргелі зерттеулер – қазақ гуманитарлық ғылымының тәуелсіздік жылдарындағы абыройлы жемісі іспетті кезеңдік еңбектер.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Мемлекеттік комиссияның белді мүшесі ретінде де Сейіт Асқарұлы қажырлы шаруалар атқарды. Тәуелсіздік жылдарында нәтижелі тиянақталған «Бабалар сөзінің» 100 томдық басылымының ұйымдастырушысы да, атқарушысы да академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасов болғанын айрықша атаған жөн. Бұл – өркениетті деген халықтардың арманына айналған тарихи, ғылыми жетістік.

Ғалымның қажырлы еңбегінің нәтижелері жыл сайын том-том болып жарық көріп келеді. Олардың қатарында, «Колыбель искуства», «Родники искусства», «Золотая жила», «Жаназық», «Елзерде», «Ойөріс» сияқты аты да, заты да кесек іргелі зерттеулерді атауға болады.

Екі тілді еркін меңгерген Сейіт Асқарұлы қазақ фольклорының біраз үлгісін орыс тіліне аударып жариялады. Шығыстанушылар В.Радлов пен Г.Потаниннің еңбектерінің ғылыми басылымдарын шығаруға да бас-көз болды. «Еуразия халықтарының эпосы» сериясы бойынша «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» лироэпосының 8 нұсқасын қамтыған академиялық басылымын, «Қыз Жібек» жинағын Мәскеуде жарыққа шығарды.

Мемлекеттік сыйлықпен қоса, Жамбыл атындағы (1996) және Махамбет атындағы (2003) сыйлықтарын алып, ғалымның мерейін тасытты.

Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың ғылыми еңбектері Анкарада, Мәскеуде, Минскіде, Кишиневте, Бакуде, Ашхабадта, Ташкентте, Бішкекте басылған. Олар жөнінде АҚШ, Түркия, Ресей, Моңғолия, Венгрия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Қарақалпақстан, Башқұртстан, Татарстан журналдары мен газеттерінде рецензиялар жарияланып, жоғары баға берілді.

Ол жас кезінен бастап-ақ тыңға түрен салуға, жаңадан жол ашуға дағдыланған өз замандастарының алды, өз ұрпағының басы екендігін дәлелдеп келе жатқан айшықты тұлға болды. Оның ғылымдағы жаңалықтарын айтпағанның өзінде, өз қолымен құрып, қалыптастырған ондаған жаңа мекемелерінің өзі бүгінге дейін нәтижелі жұмыс атқарып жатыр. Сондықтан да Сейіт Асқарұлын тек қазақ фольклортану ғылымының ғана емес, тұтас қазақ руханиятының көшін алға сүйреген айбарлы баһадүр тұлға деуге болады.

Ардақты аға, ғибратты ғалым, Сіз салған қазақ фольклортану ғылымындағы сара жолды жалғастыратын, Қасқабасов мектебінің түлектері саналатын бір шоғыр шәкірттеріңіз артыңызда аңырап қалды.

Жатқан жеріңіз жәннат болсын, қадірлі ұстаз. Сіздің еңбектеріңіз халқыңызбен бірге мәңгі жасайды. Бақұл болыңыз баһадүр тұлға!

Кенжехан МАТЫЖАНОВ,
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас директоры, ғалымның шәкірті

ІРГЕЛІ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ СЕРПІН БЕРГЕН АКАДЕМИК

Қазақ әдебиеті мен мәдениеті, ғылымы мен білімі ауыр қазаға ұшырады. Өмірден қоғам қайраткері, көрнекті фольклортанушы ғалым, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, ұлағатты ұстаз Сейіт Асқарұлы Қасқабасов өтті.

1967 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер исститутының аспирантурасын бітірген дарынның барша саналы ғұмыры қазақ ғылымымен біте қайнасты. 1969 жылы «Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері» тақырыбында кандидаттық, 1989 жылы Мәскеуде «Қазақ халық прозасының жанрлары» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, қазақ фольклористикасын жаңа ғылыми деңгейге көтерді. Зерттеу нысаны аса өзекті ғылыми еңбегінің жаңалығын әлемнің жетекші фольклорист ғалымдары мойындады.

1970-1981 жылдары Қазақ ССР ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінде ғылыми хатшы, «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары» журналының жауапты хатшысы болды. Өзіне жүктелген мемлекеттік істерді үлкен жауапкершілікпен атқарып, білікті басшы, білгір ұйымдастырушы ретінде танылды. ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің ғылыми хатшысы, КСРО ҒА Әлем әдебиеті институтының аға ғылыми қызметкері, ҚР Президенті Аппаратының қызметкері болды. ҚР ҰҒА Әдебиет және өнер институтының директоры қызметін абыроймен атқарды.

1988 жылы Қазақстан КП Орталық Комитетінде еңбек етіп, Алаш арыстарын ақтау ісінің бел ортасында болды. 1990 жылы Орталық Комитетте тыңнан құрылған Саяси процестер социологиясы орталығын басқарып, оның белді де беделді басшысы ретінде әдебиет пен өнер мәселелері бойынша қабылданған партиялық қаулылардың күшін жою, құғын-сүргін құрбаны болған ұлт қайраткерлерін ақтау жөніндегі жұмыс тобын басқарды. 1991-1992 жылдары ҚР Президенті мен Министрлер кабинеті аппаратында жауапты мемлекеттік қызметтер атқарды.

1992 жылы Министрлер кабинеті жанындағы Жоғары аттестация комиссиясының төрағасы қызметінің тізгінін ұстады. Ғалым қажыр-қайратымен Қазақ елі тарихында тұңғыш рет ЖАК жүйесін құрып, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғалымдарды аттестаттауға қажетті Ережелерін айқындады.

Қайраткер ғалым Алаштың бас қаласы Сарыарқа төсіне қоныс аударғанда, ұлт руханияты мен ғылымын, өнері мен мәдениетін дамытуға тер төкті. 1997-2001 жылдары Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Еуразия» ғылыми орталығын, Шығыстану факультетін ұйымдастыруға тыңнан ұйытқы болды. Шығыстану факультетін, 2012-2019 жылдары Қазақ әдебиеті кафедрасын абыроймен басқарды.

Тәуелсіздік рухындағы жаңа мамандықтар ашуды, білім беру бағдарламасын елдік мүддеге сай жаңғыртуды, білікті шәкірттер тәрбиелеуді қолға алды. Академик ғалымның жетекшілігімен бес докторлық, он бес кандидаттық және PhD диссертациялар қорғалды. Сол арқылы қазақ фольклортану, әдебиеттану бағытындағы ғылыми мектебін қалыптастырды. Л.Гумилев атындағы ЕҰУ магистратура, докторантура деңгейіндегі «Әдебиеттану» білім беру бағдарламаларының жүзеге асуына басшы болды. Сондай-ақ білім беру бағдарламаларындағы «Фольклор теориясының негіздері», «Фольклортану тарихы мен теориясы», т.б пәндердің негізін қалады. PhD-докторантура бойынша шәкірттер дайындады.

Қашанда іргелі зерттеулер мен соны ізденістерге серпін беріп жүрген академик «Алтын сандық», «Ел қазынасы – ескі сөз» жинақтарын құрастыруды қолға алды.

Сейіт Асқарұлының басшылығымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасымен алғаш рет «Бабалар сөзі» сериясы қолға алынып, қазақ халқының сан ғасырлық асыл мұрасы қамтылған 100 томдық іргелі басылым жарық көрді.

Академик ғалым «Қазақ әдебиеті тарихының» 10 томдық жаңа басылымы, 3 томдық «Қазақ өнерінің тарихы», 10 томдық «Ержүрек», 5 томдық «Қазақ музыкасының антологиясы», 20 томдық «Әдеби жәдігерлер» сынды еңбектердің жарық көруіне бастамашы болды.

Гранттық қаржыландыру негізінде бірнеше ғылыми жобаларға жетекшілік жасады. Отандық ғылымды дамытуға сіңірген орасан зор еңбегі лайықты бағаланып, ҚР Мемлекеттік сыйлық, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық, Жамбыл атындағы сыйлық, Махамбет атындағы сыйлық лауреаты атанды.

Топырағыңыз торқа болсын, қадірлі ұстаз! Асыл рухыңыз өзіңіз қадірлеген қазақ халқымен мәңгі жасай бермек!

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ ұжымы

Әлем тарихында қанды әріппен жазылған Екінші дүниежүзілік соғыс өртінің өшкеніне де биыл 80 жыл толып отыр. Сол уақытта қан майданға елімізден талай жауынгер аттанып, көптеген тағдыр соғыс шырғалаңында талқан болды. Бүгінде елге аман-есен оралғандардың да көзі тірісі саусақпен санарлық. Соның бірі – сырдариялық Яхия Тасыровтың өмір жолы өзгеше өрнекке толы.

ҒАСЫР ЖАСАҒАН ЖАУЫНГЕР

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Биыл 103 жасқа толған соғыс ардагерінің майдан даласында көрген қиындықтары аз емес. Әлі күнге дейін оқ пен оттың ортасында өткізген сұрапыл сәттерін қорқынышпен еске алып отырады.

Оның балалық дәурені Қызылорда облысына қарасты бұрынғы Тереңөзек ауданының Ақ түйе ауылында өтті. Бала Яхия ес біліп, оң-солын таныған шақтан бастап, еңбекке араласты. 1940 жылы Текстиль фабрикасына шебердің көмекшісі болып жұмысқа орналасады. Алайда 1941 жылы Ташкент облысы Фрунзе аудандық әскери комиссариатының шақыртуымен әскерге жіберіледі.

Жас жауынгерді қолына қару беріп, бірден майдан даласына айдаған жоқ. Алдымен, Сібірде, Омбы қаласында алғашқы әскери дайындықтан өткізеді. Соғыстың түрлі тәсілдерін үйретіп, шыңдайды. Содан кейін ғана 1942 жылдың қазан айында қару алып, майданға аттанады. Ол кез Яхия ақсақалдың әлі жиырмаға толмаған бозбала шағы еді.

Соғыс алаңында сырдариялық жауынгердің жүрмеген сүрлеуі кемде-кем. Жау әскеріне қару кезене жүріп, Сталинград, Курск, Баранович және Польша қалаларын азат етуге атсалысыпты. Оқ қарша бораған қиын кезеңде жау құрсауында қалған аумақтарды азат етуде жанқиярлықпен жүргізген сәттері оның жадынан бір сәтке өшкен емес.

Қарт жауынгер қанды соғыс кезінде қандыкөйлек қарулас достары мен командирлердің жеңіске деген жігерін оятатын ұрандары әлі күнге құлағында тұрғанын жиі еске алады. Сондай кездерде жараланғандар мен қаза болғандардың кегін алу үшін әлдебір тосын күш алға еріксіз жетелейтінін айтады.

Бірнеше қаланы азат етуге атсалысып, талай қанды оқиғаның куәсі болған Яхия ақсақал майдан даласында ерен ерлігімен

көзге түсті. Жау әскерімен шайқас кезінің бірінде Данциг портында ауыр жараланады. Елге 1945 жылдың тамыз айында ерлікпен оралады.

Осы орайда қарт жауынгердің жеңісті әскери госпитальда қарсы алғанын да айта кету керек. Нақты айтқанда, Омбы қаласында пулеметшілерді дайындауға арналған қысқа оқуды бітірген жас сарбаз Ленинградты азат етуге қатысады. Қиян кескі шайқаста неміс фашистерін Германияға дейін қуып барады. Сол уақытта пулеметшінің көмекшісі болған оның иығынан пулеметтің оқ қағары түспепті. Сонымен, мыңдаған шақырымды жүріп өтетінін тілге тиек етті. Сондай күндердің бірінде майдангер Берлин түбінде аяғынан ауыр жарақат алып, Ұлы Жеңісті әскери госпитальда қарсы алуға мәжбүр болыпты. Жарақатының беті бері қарағасын бірінші топтағы мүгедек болып, елге оралады.

Соғыс ардагерінің қан майданда көрсеткен жанкешті ерлігі ескерусіз қалмады. Майдан даласында танытқан батырлығы үшін «Қызыл жұлдыз», I және II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» мерейтойлық медальдарымен марапатталған. Сондай-ақ Кеңес Одағының батыры, маршал Г.Жуков медалін, басқа да көптеген наградаларды кеудесіне тақты.

Ардагер туған жерге табаны тигесін де қарап жатпады. Ел қатарлы еңбекке араласып, абыройлы жұмыс атқарды. Соның ішінде 18 жыл бойына аудан орталығындағы сүт зауытында қойма меңгерушісі болып жұмыс жасады. Сол сияқты 1960 жылы Жалағаш сүт зауытында шебер, 1962 жылдан бастап Өзбекотын елді мекенінде 10 жыл бойы қойма меңгерушісі қызметін атқарған. Бұған қоса, 1972-1982 жылдары «1608-жылжымалы механикалық колонна» мекемесінде еңбек етеді. Кейіннен аудан орталығындағы астық қабылдау пунктінде тер төгіп, осы қызметінен зейнет демалысына шығыпты.

Қазіргі уақытта ғасыр жасаған жауынгер Сыр өңірінің Сырдария ауданы Тереңөзек кентінде бақуатты тұрмыс кешіп жатыр. Өмірлік қосағы Ұлжалғас Демесінқызы екеуі 3 ұл, 3 қызды өмірге әкелген. Алайда екі қызы шетінеп кетсе, екі ұлы қайтыс болыпты. Қазір қария ұлы Аманкелді мен қызы Сапурадан тараған ұрпақтарының, немере-шөберелерінің қызығын кеніліп отыр. Соның ішінде немересі Ержан мен келіні Гүлбану қазыналы қарияның жағасын кірлетпей, бар жағдайын жасап жүр.

Қызылорда облысы және «Сырдария ауданының құрметті азаматы» атанған Яхия Тасыровқа елдің құрметі ерекше. Жиын, тойларда төрден орын ұсынып, ақ батасын алып жатады.

Қарт жауынгер ғасырлық ғұмырды еңсерсе де, әлі тың. Күніге 1-2 шақырым жер жаяу жүруді дағдыға айналдырған. Әрбір күнінде елдің тыныштығын тілеп, соғыс өртінің қайталанбауын тәңірден сұрап отырады.

«Астана-АЭК» АҚ-ның 2024 жылғы инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат

№ р/с	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды)ұсынудың жоспарлы және нақты көлемі туралы ақпарат						Инвестициялық бағдарламаның (жобалардың) сомасы, мың теңге			Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша негізгі қорлардың (активтердің) тозуын (физикалық) төмендету, %		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша шығындарды азайту,%		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша авариялылықты төмендету		Бекітілген инвестициялық бағдарламада (жобада) қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру	Көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың)сапасы мен сенімділігін арттыруды бағалау
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралардың атауы	Өлшем бірлігі	Табиғи көрсеткіштердегі саны		Инвестициялық бағдарлама (жоба) шеңберінде қызмет көрсету кезеңі	Жоспар	Факт	Ауытқу	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	жоспар	факт	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі		
				Жоспар	Факт												
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18
	электр энергиясын беру, қызмет көрсету аумағы-Астана қ.а	**Барлығы ИБ бойынша бекітілген**	тыс. кВт*ч	**4 602 629**	**4 652 402**	2024 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін	**6 336 225**	**6 063 775**	**- 272 450**	**32,8%**	**31,80%**	**10,0%**	**9,90%**	авариялар -0, I-ші дәрежелі істен шығу, II-ші дәрежелі істен шығу - 320	авариялар -0, I-ші дәрежелі бас тарту -1, II-ші дәрежелі бас тарту - 407	төмендетуге жабдықты ауыстыру, 10 кВ КЖ ауыстыру, электр беру желілері мен қосалқы станцияларды қайта жаңарту, ЭКЕАЖ жүйесін күрделі жөндеу бойынша техникалық іс-шаралар жүргізу есебінен қол жеткізілді.	өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту, қызметтерді үздіксіз және апатсыз ұсынуды қамтамасыз ету. Бұл көрсеткіштер көрсетілетін реттелетін қызметтердің сенімділігін көрсетеді.
1		**Ескірген жабдықты ауыстыру**					**204 889**	**142 007**	**-62 882**								
2		**Релелік қорғаныс**					**464 969**	**429 367**	**-35 602**								
3		**Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтан-дырылған жүйесі**					**1 304 996**	**1 191 942**	**-113 054**								
4		**Объектілерді салу және қайта құру**					**4 178 369**	**3 740 003**	**-438 366**								
5		**Жобалау-іздестіру жұмыстары**					**81 538**	**75 478**	**-6 059**								
6		**Негізгі құралдарды сатып алу**					**101 464**	**100 098**	**-1 366**								
7		**Үнемдеу есебінен өзгелері**						**384 879**	**384 879**								
8		**Орындау мерзімде-рін 2024 жылдан 2025 жылға ауыстыра отырып іс-шаралар**					**103 915**		**-103 915**								

«Астана - Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында электр энергиясын беру жөніндегі 2024 жылғы қызметі туралы есебі

«Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасы, кәсіпорын Жарғысы негізінде әрекет етеді. «Астана-АЭК» АҚ негізгі қызмет түрі «электр энергиясын беру қызметі» бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады.

31.12.24 жылғы жағдай бойынша Компания:

- 1 330,1 км әуе желілері;
- 5 202,8 км кабель желілері;
- 1 802 дана шағын станцияға техникалық қызмет көрсетуде.

Шартты бірліктегі көлемі – 107 129,4 (2023 ж. – 104 829,1).

1. 2024 жылғы қызметтің негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері туралы.

2024 жылғы қолданыстағы тарифтер:

01.01.2024 жылдан бастап 31.10.2024 жылға дейін – ҚҚС есептемегенде 1 кВт / сағ үшін 6,70 теңге (ТМРКД 26.12.2023 ж. №135 - НҚ бұйрығы).

01.11.2024 жылдан бастап 31.12.2024 жылға дейін – ҚҚС – ВКТ есептемегенде 1 кВтсағ үшін 6,68 теңге (ТМРКД 23.09.2024ж. №65-НҚ бұйрығы).

Орташа жылдық тариф ҚҚС есебінсіз 1 кВтсағ үшін 6,70 теңге деңгейінде қалыптасты.

01.11.2024 ж. бастап 31.12.2024 ж. дейінгі кезеңде тұтынушыларға 17 947,3 мың теңге қайтарылды, жоспар бойынша 16 645,2 мың теңге.

Негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштер (күтілуде):

- Кірістер – 32 328 170 мың теңге;
- Шығындар – 32 571 675 мың теңге;
- Шығын – -243 505 мың теңге.

2. 2024 жылы ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы.

2024 жылы көрсетілген қызметтер көлемі 4 652,4 млн. кВтсағ құрады, тарифтік сметада бекітілген жылдық көлемі 4 602,6 млн. кВтсағ, орындалуы 101,1% құрады.

р/с №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	ТМРКД-ның 2024 ж. 25.11.2024 ж. №81-ОД бұйрығымен бекітілген (01.01.2024 ж. бастап 31.12.2024 ж. дейін)	2024 жылғы нақты қалыптасқан көрсеткіштер (күтілуде)	Ауытқу, %
I	**Тауарларды өндіруге және қызметтер көрсетуге арналған шығындар, барлығы, оның ішінде**	**мың. теңге**	**28 332 165,1**	**28 890 603,9**	2,0%
1	**Материалдық шығындар, барлығы**	**мың. теңге**	**819 847,4**	**829 004,3**	1,1%
2	**Еңбекке ақы төлеуге арналған шығыстар, барлығы**	**мың. теңге**	**9 440 643,8**	**9 464 982,6**	0,3%
3	**Амортизация**	**мың. теңге**	5 128 740,4	5 065 385,7	-1,2%
4	**Нормативтік техникалық шығындарға арналған шығындар**	**мың. теңге**	11 832 749,1	12 408 807,6	4,9%
5	**Жүйелік оператордың қызметтері үшін төлем**	**мың. теңге**	31 671,1	31 651,4	-0,1%
6	**Жөндеу жұмыстары, барлығы**	**мың. теңге**	**85 636,3**	**85 549,5**	-0,1%
7	**Коммуналдық қызметтер**	**мың. теңге**	5 813,4	5 913,1	1,7%
8	**Өзге де шығындар**	**мың. теңге**	**987 063,6**	**999 309,7**	1,2%
II	**Кезең шығыстары, барлығы**	**мың. теңге**	**1 668 595,5**	**1 646 135,6**	-1,3%
9	**Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы,** *оның ішінде:*	**мың. теңге**	**1 668 595,5**	**1 646 135,6**	-1,3%
9.1	**Еңбекке ақы төлеуге арналған шығыстар, барлығы**	мың. теңге	**548 739,4**	**568 923,5**	**3,7%**
9.2	Салық төлемдері мен алымдары	мың. теңге	946 895,1	901 927,1	-4,7%
9.3	Амортизация	мың. теңге	80 308,6	83 425,5	3,9%
9.4	Материалдар	мың. теңге	713,6	721,6	1,1%
9.5	ЖЖМ	мың. теңге	9 018,3	8 982,3	-0,4%
9.6	Коммуналдық қызметтер	мың. теңге	12 007,9	12 057,1	0,4%
9.7	Аудиторлық қызметтер	мың. теңге	1 388,9	1 388,9	0,0%
9.8	Банктің қызметтері	мың. теңге	514,2	556,7	8,3%
9.9	**Басқа шығындар**	**мың. теңге**	**69 009,6**	**68 153,0**	-1,2%
10	**Сыйақы төлеуге арналған шығыстар**	**мың. теңге**	**-**	**-**	-
III	**Барлық шығындар**	**мың. теңге**	**30 000 760,6**	**30 536 739,4**	1,8%
IV	**Табыс (РБА * СП)**	**мың. теңге**	**1 127 175,7**	**941 980,9**	-16,4%
	Шартты-ауыспалы шығыстарды шегергенде, 2023 жылға арналған КО-да көзделген көлемге қатысты электр энергиясын беру жөніндегі нақты көлемнің ұлғаюы нәтижесінде алынған кірістер сомасы	**мың. теңге**	**306 061,2**	**306 061,2**	0,0%
	2023 жылғы ЖКТ өтеу сомасы	**мың. теңге**		**17 947,3**	-
V	**Барлық кірістер**	**мың. теңге**	**30 821 875,1**	**31 154 711,9**	1,1%
VI	**Көрсетілетін қызметтердің көлемі**	**мың. кВтч**	**4 602 629,0**	**4 652 402,1**	1,1%
VII	**Нормативтік техникалық шығындар**	**%**	**10,00**	**9,90**	-1,0%
		мың. кВтч	**511 804,8**	**511 566,6**	0,0%
VIII	**Тариф (ҚҚС-сыз)**	**теңге/ кВтч**	**6,70**	**6,70**	0,0%

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (ТІКЕЛЕЙ ӘДІС) 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін

Көрсеткіштердің атауы	Жолдың коды	Есепті кезеңнің аяғында (күтілуде)	Есепті кезеңнің басында
I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы			
1.Ақша қаражатының түсуі, барлығы (011-жолдан 016-жолды қоса алғанда сомасы)	**10**	**34 369 691**	**24 471 919**
тауарлар мен қызметтерді өткізу	11	34 145 268	23 997 947
сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	13		473 846
өзге де түсімдер	16	224 423	126
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы (021-жолдан бастап 027-жолды қоса алғанда сомасы)	**20**	**35 919 560**	**20 861 480**
тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер	21	21 696 063	6 073 476
тауарлар мен қызметтерді берушілерге берілген аванстар	22		4 383 605
еңбекақы төлеу бойынша төлемдер	23	7 957 691	6 352 232
сақтандыру шарттары бойынша төлемдер	25	173 268	141 762
табыс салығы және бюджетке төленетін басқа да төлемдер	26	5 677 832	3 725 953
өзге де төлемдер	27	414 706	184 451
3. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (010-жол – 020-жол)	**30**	**-1 549 870**	**3 610 439**
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы (041-жолдан 052-жолды қоса алғанда сомасы) оның ішінде:	**40**	**137 510**	**378 174**
негізгі құралдарды сату	41		224 767
алынған сыйақылар	51	137 510	153 407
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы (061-жолдан 073-жолды қоса алғанда сомасы) оның ішінде	**60**		**4 070 934**
негізгі құралдарды сатып алу	61		3 619 779
материалдық емес активтерді сатып алу	62		451 155
3. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (040-жол – 060-жол)	**80**	**137 510**	**-3 692 760**
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы (091-ден 094-ке дейінгі жолдардың сомасы) оның ішінде:	**90**	**1 000 000**	**783 227**
акциялар мен басқа да қаржы құралдарының эмиссиясы	91		783 227
Қарыз алу	092	1 000 000	
2. Ақша қаражатының шығуы, барлығы (101-ден 105-ке дейінгі жолдардың сомасы) оның ішінде:	**100**		**780 390**
басқа шығыстар	105		780 390
3. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы (090-жол-100-жол)	**110**	**1 000 000**	**2 837**
4. Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы (030 + жолы / - 080 + жолы / - 110 + жолы / - 120 + жолы / - 130 жолы)	**140**	**-412 360**	**-79 484**
5. Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	**150**	**1 555 921**	**1 635 405**
6.Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	**160**	**1 143 561**	**1 555 921**

ПАЙДАЛАР МЕН ЗАЛАЛДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін.

Көрсеткіштердің атауы	Жолдың коды	Есепті кезең үшін *мың теңгеде* (күтілуде)	Алдыңғы кезең үшін *мың теңгеде*
Алдыңғы кезең үшін	10	31 903 440	23 342 445
Өткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құны	11	29 378 262	21 627 659
Жалпы пайда (шығын) (010 жол-011 жол)	**12**	**2 525 178**	**1 714 786**
Әкімшілік шығыстар	14	2 576 872	2 177 943
Операциялық пайда (залал) жиыны (+/- 012-ден 014-ке дейінгі жолдар)	**20**	**-51 694**	**-463 158**
Қаржылық кірістер	21	158 821	177 896
Басқа да кірістер	24	265 909	1 333 711
Басқа да шығындар	25	616 541	939 481
Салық салуға дейінгі пайда (залал) (+/- 020-дан 025-ке дейінгі жолдар)	**100**	**-243 505**	**108 968**
Табыс салығы бойынша шығыстар (-) (кірістер (+))	101		0
Жалғасып жатқан қызметтен салық салынғаннан кейінгі пайда (залал) (100-жол + 101-жол)	**200**	**-243 505**	**108 968**

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін.

Компоненттердің атауы атауы	Жолдың коды	Меншік иелеріне қатысты капитал (күтілуде)						Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі	Барлық капитал
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	Басқа жиынтық кірістің компоненттері	Бөлінбеген пайда	Басқа да капитал		
Өткен жылдың 1 қаңтарына арналған Сальдо	**10**	**87 949 076**				**1 958 123**			**89 907 199**
Қайта есептелген сальдо (010 жол + / - 011 жол)	**100**	**87 949 076**				**1 958 123**			**89 907 199**
Жалпы жиынтық табыс, барлығы (210-жол + 220-жол):	200					108 968			108 968
Бір жылдағы пайда (шығын)	210					108 968			108 968
Меншік иелерімен операциялар, барлығы (310-дан 318-ге дейінгі жолдардың сомасы): оның ішінде:	**300**	**35 415 356**				**631 163**			**37 039 621**
Меншік иелерінің жарналары	311	35 415 356							35 415 356
Өзге де операциялар	319					631 163			1 624 265
Есепті жылдың 1 қаңтарына арналған Сальдо (100-жол + 200-жол + 300-жол + 319-жол)	**400**	**123 364 432**				**2 698 254**			**126 062 686**
Қайта есептелген сальдо (400 жол + / - 401 жол)	**500**	**123 364 432**				**2 698 254**			**126 062 686**
Басқа операциялар	719					15 508			15 508
Есепті жылдың 31 желтоқсанындағы Сальдо (500 жол + 600 жол + 700 жол + 719 жол)	**800**	**129 784 655**				**2 470 257**			**132 254 910**

БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін

Активтер	Жолдың коды	Есепті кезеңнің аяғында (күтілуде)	Есепті кезеңнің басында
1. Қысқа мерзімді активтер:			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	10	1 143 561	1 555 921
Басқа қысқа мерзімді қаржы активтері	15	4 851	7 363
Қысқа мерзімді сауда және басқа дебиторлық берешек	16	6 302 008	4 703 819
Ағымдағы табыс салығы	19	281 829	258 006
Қорлар	20	663 284	508 064
Басқа да қысқа мерзімді активтер	22	746 910	590 357
Қысқа мерзімді активтердің жиыны (010-022 жолының сомасы)	**100**	**9 142 442**	**7 623 530**
II Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	121	131 322 070	114 969 625
Материалдық емес активтер	125	783 762	855 701
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	127	8 303 781	10 012 178
2. Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (110-дан 127-ге дейінгі жолдардың сомасы)	**200**	**140 409 614**	**125 837 505**
Баланс (100 жол + 101 жол + 200 жол)		**149 552 059**	**133 461 035**
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	210	1 000 000	
Қысқа мерзімді сауда және басқа кредиторлық берешек	214	5 010 187	3 786 046
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	215	376 105	390 997
Қызметкерлерге сыйақы	217	529 888	445 815
Басқа қысқа мерзімді міндеттемеле	222	8 247 213	641 735
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны (210-нан 222-ге дейінгі жолдардың сомасы)	**300**	**15 163 393**	**5 264 593**
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер			**-**
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	316	2 133 756	2 133 756
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны (310-дан 321-ге дейінгі жолдардың сомасы)	**400**	**2 133 756**	**2 133 756**
V. Капитал			
Жарғылық (акционерлік) капитал	410	129 784 655	123 364 432
Бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын)	414	2 470 255	2 698 254
Меншік иелеріне жатқызылатын капиталдың жиынтығы (410-дан 415-ке дейінгі жолдардың сомасы)	**420**	**132 254 910**	**126 062 686**
Барлық капитал (420 жол + 421 жол)	**500**	**132 254 910**	**126 062 686**
Баланс (300 жол +301 жол+400 жол + 500 жол)		**149 552 059**	**133 461 035**

АЙНА

29 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

«Әр адам өз трагедиясын айтады» деген ұғым стендаптың терең философиясын сипаттайтындай. Комиктің айтқанына күлесің, бірақ ішіңнен: «Мен де осындай жағдайды бастан кешкенмін...» деп ойланып қаласың. Комиктер өз өмірлерінен алынған мысалдар арқылы қазақ қоғамының түйткілін, отбасындағы қысым, кедейлік, білім жүйесі, тіпті психологиялық жарақаттарды әзілмен жеткізеді. Әзіл арқылы трагедияны айту – оны жеңудің жолы. Бұл – стендаптың шын мәніндегі күші. Біз қазақша стендапта қыздардың үнін жеткізіп жүрген, комик Жансая Мұратбекқызымен сұхбаттастық.

Жансая МҰРАТБЕККЫЗЫ:

Қазақша стендапта ҚЫЗДАР АЗ

– Халық сізді ең алғаш блог арқылы таныды. Кейін стендапқа ауыстыңыз. Жалпы, стендапқа қалай келдіңіз? Стендап-комик болу үшін адамға қандай қасиеттер керек?

– Халық мені ең алғаш блог арқылы емес, стендап арқылы таныды десем де болады. 2018 жылы Salem Social Media компаниясы ұйымдастырған халықаралық конкурсқа қатысып, қазақ тілінде стендап монолог оқығанмын. Ол байқауға қатысушылардың барлығы орыс тілінде стендап айтты. Жалпы, қазақ қызының стендап оқып, сахнаға шығуы конкурс үшін жаңалық болды. Сол жерде бас жүлде иеленіп, 1 миллион теңге ұтып алдым. Содан кейін халық мені стендапер ретінде танып, әртүрлі стендап кештеріне қатысып жүрдім. 1-2 түсірілімге де қатыстым. Бірақ кейін қандай да бір себептермен бұл үрдіс тоқтап қалды. Ал маған өз қабілетімді әрі қарай шыңдап, тұрақты түрде стендаппен айналысу керек болды. Жолдасым Дидар екеуміз Salem Social Media компаниясында автор-сценарист болып жұмыс істедік. Жазған монологтарымды оқитын жер болмағандықтан, оларды вайнға арнадым. Яғни, әлеуметтік желіде вайн түсіріп жүрдім. Осылайша, менің блогым жалғасын тауып кетті. Негізі, бәрі стендаптан басталған. Араға біраз уақыт салып, стендапқа жаңа леппен, деммен келдік. Жолдасым Дидар продюсерлік етіп, Ғалымжан Жанықұлов, Нұрмахан Мұқанұлы сияқты бірнеше досымызбен бірігіп «Қазақша стендап» қозғалысын бастадық.

Мен стендапқа үлкен дайындықпен келген жоқпын. Тек бір конкурсқа қатысу арқылы, қазақша стендаптың маңызын халық түсінгеннен кейін менің өнерім қолдау тапты. Salem Social Media компаниясы ұйымдастырған байқауда елге танымал тұлғалар, продюсерлер, блогерлер отырды. Олардың барлығы орысша стендап тыңдап үйреніп қалған ғой. Ал Тұрсынбек Қабатов ағамыздың әзілдері монолог түрінде болғанымен, таза стендап деп айта алмаймыз. Сол жерде мен оқыған стендап жаңа бағыт ретінде қолдау тапты.

Жалпы, стендап-комик болу үшін адамға әзіл айту қабілетінен бөлек әзілді қабылдау дағдысы керек. Егер сен әзілді түсінбесең, оны көтере алмасаң, сенің комик болуың мүмкін емес. Бәрімізді туа біткен талант деуге келмес. Бірақ сол



әзілді түсіну арқылы, автор-сценарист ретінде көптеген адаммен бір ортада жүріп араласқаннан кейін, «Жайдарман» жастар қозғалысына қатысқаннан кейін сол қабілет ұшталды. Одан кейінгі комикке керек қасиет – табандылық. Стендапердің әзілі күлкілі болуы үшін ол бірнеше рет сценарий жазып, оны қайта өңдеуден жалықпауы керек. Орта жолда сынға сынып кетпегені абзал. Осы екі қасиет болмаса, комик болу екіталай. Кез келген адам оқыса, талпынса, ізденсе әзіл айта алады.

КОМИКТІҢ АБЫРОЙЫН КӨТЕРЕТІН – БІРАУЫЗ СӨЗ

– Стендап-комиктің шетелдегі және Қазақстандағы маңызында айырмашылықтар бар ма?

– Иә, бар. Бірінші – менталитет. Өйткені шетелде, тіпті көршілес Ресейдің өзінде әзілде шектеу жоқ. Ол жақта қара әзіл де, белден төмен әзілдер де бетке тіке айтылады. Мүмкін, халықтың сұранысы да сол шығар. Ал қазақша стендапта бәрібір мәдениетті сақтайсың. Артыңнан келе жатқан ұрпаққа, сені көріп отырған көрерменге өнеге болу үшін «әзілдесем болды» деп ойыңа келгенді айта алмайсың. Әр сөздің өз орны, салмағы бар. Жететін жері бар. Оны қабылдайтын, қабылдамайтын адам болады. Қазір кез келген сөздің құдіреті әртүрлі жерге жеткізеді. Комиктің абыройын көтеретін де, түсіретін де бірауыз сөз. Сондықтан әзіл айтқанда менталитетімізге сай «ұятты» алға қойып немесе асыра сілтемей ойды орынды жеткізу маңызды. Еуропаға, шетелге еліктеп, өзімізге жараспайтын ой айту керек емес. Қазақстанда әзілдің шекарасынан шығып кетпеуге тырысамыз. Басқаларын білмеймін, бірақ мен осы принципті ұстанамын.

– Стендапта көтеретін тақырыбыңызды алдын ала продюсерлермен ақылдасып жазасыздар ма?

– Ешқандай комик тақырыпты продюсермен алдын ала ақылдаспайды. Өйткені бізде «өзін-өзі редакциялау» бар. Сол жерде, техникалық кештерде әзілдерімізді оқып, халықтың қошеметі мен реакциясынан «қай әзілдің ұтымды шыққанын» өзіміз ескеріп отырамыз. Кейде стендап концерт кезінде продюсерлер кімнің қай тақырыпта сөйлейтінін сұрайды. Өйткені комиктардың тақырыптары бірдей болып кетпеуі керек. Мысалы, үш комик Алматының кептелісі туралы айтса, ол ешкімге қызық емес. Ал көбінде жалғыз қыз болғандықтан, менің көтеретін тақырыптарым жігіттермен бірдей болмайды. «Қазақша стендаптың» продюсері, жолдасым Дидардан ұмытып кеткен идеяларым туралы ойын сұрап, кейде ақылдасамын. Бірақ толық құрамда концерт беретін болсақ, өзіміз үшін Дидардың алдында әзілімді бір оқып аламын.

– Қазақша аудиторияға қандай тақырыптағы әзілдер өтеді?

– Қазақ аудиториясына кез келген тақырыптағы әзілдер өтпейді. Өйткені көрерменнің талғамы жоғары. Екіншіден, комик қиялынан туған оқиғаны айта алмайды. Себебі ол шындыққа

> **Статистика бойынша, ажырасудың себептері әртүрлі. Отбасылық қарым-қатынастан бөлек, адамның жеке таңдауларына байланысты да жұптар айырылысады. Дегенмен бірін-бірі қолдамай, сүреңсіз күн кешетіндер үшін менің мақсатым осы тақырыпты әзіл арқылы жеткізіп, мәселені ашу.**

жанаспайды. Комик өз табиғатына сай емес әзіл айтса, оны халық та сезіп қояды. Әр комиктің өз аудиториясы бар. Сонысына сай стендапер өз тақырыбында айтса, оны көрермендері жақсы көреді. Біреулер саяси әзілді, енді біреулер жастар, бойдақтар туралы әзілді жақсы тыңдайды. Менің аудиториям 25 жастан жоғары. Олар отбасы жайлы, ата-ана туралы әзілдерді ұйып тыңдайды. Мен бойдақтар туралы әзіл айтсам, ол көрермендерге қызық емес. Сондықтан әр комик өз шама шарқына қарай, жүрген жолына, көрерменнің сұранысына сай әзілдейді. Мына тақырып аудиторияға өтеді деп тап басып айту мүмкін емес. Әр әзілдің өз тұтынушысы бар.

– Жақында стендап концертпен Қазақстанның қалаларына тур жасадыңыздар. Негізгі мақсат қандай?

– Бұл – менің алғашқы жеке стендап концертім. Адамдар көбірек көрсе екен деген ой болды. Себебі концертке екі жылдан астам дайындалдық. Әр материалды бірнеше жыл жазып, әрбір сәтті ойластырып жүрдік. Концертті халық көзбен көріп, стендапты сезінсе екен дедік. Әрине, концерт қойғанда коммерциялық тұрғыда талап болатын шығар. Бірақ біз бірінші орынға оны қойған жоқпыз. Басында Алматыда екі сеанс концерт өткізіп, кейін оны YouTube-қа жүктейміз деп ойлағанбыз. Бірақ басқа қаладағы көрермендер «біз де көргіміз келеді» дегеннен кейін ғана тур жайлы ойландық. Халық сұрағаннан кейін шамамыз келгенше кішігірім тур жасап, концерт беріп қайттық. Өйткені өмірде мұндай концерттерден алатын әсер мүлдем бөлек болады. Стендап концерттің концепциясы да өзгеше. Өйткені халық театр кештеріне де, әншілердің концерттеріне де барып жүр. Жасаймын деген адамға концерттің бағыты көп. Дегенмен мен бар күшімізді, ресурсымызды салған стендап концерт болғандықтан, бұл кешті барлық өңірдегі көрерменім көрсе екен деп ниеттендім. Қазақстан қалаларына жасаған турымыз ойдағыдай аяқталды. Көрермендерім «қайталаңыз-шы» деп те жатыр. Бірақ біз бұл концерттік бағдарламаны YouTube-қа жүктейміз. Алдағы уақытта мүмкін жаңа бағдарламамен концерт қоярмыз.

СТЕНДАП КҮЛДІРЕ ОТЫРЫП, ОЙ САЛАДЫ

– Бір сұхбатыңызда: «Шынымен отбасылы өмірден қорқатын адамдар болады. Мақсатым – ажырасудың алдын алып, отбасылық құндылықты дәріптеу» депсіз. Сонда елімізде ажырасудың көптігіне не себеп?

– Қазір ерлер мен әйелдер екіге бөлініп кетті. Бірімізді-біріміз түсінбей жүрміз. Айтқымыз келген ойды да екінші тарап естімеуі мүмкін. Сондықтан мен декреттегі әйелдердің мәселесін көбірек қозғауға тырысамын. Себебі тұрмыстағы шаруадан шыға алмай жүрген аналардың қалауы, ойы ескерілсе екен деймін. Олар ұйқысыз түндер өткізіп, болашақ ел азаматтарын тәрбиелеп жүр. Екінің бірі әйелін қолдай алмайды. Сондықтан мен қасымда бірге жүріп, қолдау көрсеткен күйеуімді мысалға ала отырып, ер азаматтың да рөлін айтуға тырысамын. Екі адам бір-бірінің қалауын ескеріп, ең болмағанда «зияныңды тигізбей» сөзбен болсын демеу болуы керек. Кезінде біздің аналарымыз да бүкіл өмірін отбасына арнап, өздерін ұмытып кеткен. Сол себепті біз осы тақырыпты қозғап, ажырасудың алдын алғымыз келеді. Адамдар бір-бірін қолдап, тыңдап, көмектесе алса екен деймін. Өйткені тұрмысқа шыққаннан кейін қыз баласы өмірінің соңына дейін бір болатын серігін таңдайды. Ал ол өмір ол адаммен әдемі болуы керек. Мәнді болуы қажет. Статистика бойынша, ажырасудың себептері әртүрлі. Отбасылық қарым-қатынастан бөлек, адамның жеке таңдауларына байланысты да жұптар айырылысады. Дегенмен бірін-бірі қолдамай, сүреңсіз күн кешетіндер үшін менің мақсатым осы тақырыпты әзіл арқылы жеткізіп, мәселені ашу. Бір ер азаматтың ойын өзгерте алсам, мен үшін үлкен жеңіс. Немесе бір әйел «күйеуім қолдап жүр екен ғой, неге түсінбегенмін» десе, ол тағы бір жеңіс. Бір ғана түсініспеушілікке бола отбасының ойран болуы, ортадағы баланың қиналуы жүректі ауыртатын мәселе.

Айта кету керек, менің мақсатым тек әйелдерді қолдап, оларды азаматтарына қарсы қою емес. Себебі менің де ағаларым бар. Ерлер қауымына ешқандай жеккөрушілік жоқ. Біздің қоғам «қыздың қырық жаны бар» деп әйелді төзімді деп санайды. Бірақ біздің де сынатын кездеріміз көп.

– Қазақша стендапта неге қыздар аз?

– Бұл сұрақ мені де мазалайды. Жауабын әлі таппадым. Мен қазір отбасы жайлы айтып жүрсем, қазақша стендапқа «жігіттер» туралы айтатын бойдақ қыздар керек. Техникалық кештерге келіп, монолог оқыған қыздардың сағы сынып жатады. Олар монологыма ешкімді күлдіре алмадым деп ойлайды. Бірақ барлығымыз стендапты солай бастадық. Стендап көрерменге күлдіре отырып, ой салуы керек. Монологтың басынан соңына дейін залды күлдіріп отырамын деу қателік. Комиктің айтатын тақырыбы халықтың түйсігіне ой салса, ары қарай жұмысты жалғастыруға мотивация бар деген сөз. Ал әр жерден бір әзілді көшіріп, халықты құр күлдіремін деу дұрыс емес. Мен жүрген жерімде қыздарды стендап оқуға шақырамын. Бірақ олар табандылық танытып, халықтың күлгенінен қысылмауы керек. Мысалы, мен бойымдағы тұйықтықты жеңдім. Басында хейт болған кезде менің де жүрегім ауырған. Бірақ иммунитет уақыт өте келе қалыптасады. Әр комиктің өз стилі болса, әзілі көрерменнің жүрегіне жетеді. Тағы бір фактор, біз қыз баланы «орнынды біл, жыртыңдама, қатты күлме» деп шектеумен тәрбиелейміз. Сол ұяңдық қыздардың ортаға шығып сөйлеуіне кедергі болады. Қазақша стендап енді дамып жатқандықтан, кез келген адамға есігіміз ашық.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Көктем ҚАРҚЫН

ЖҮЗ МЫҢЫНШЫ ҚОНАҚТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Жапонияның Осака қаласында Дүниежүзілік EXPO 2025 көрмесі басталды. Ауқымды іс-шара жұмысына 158 ел мен 9 халықаралық ұйым атсалысып жатыр. 26 сәуірде EXPO 2025 Osaka дүниежүзілік көрмесіндегі Қазақстанның ұлттық павильоны 100 мыңыншы келушіні қарсы алды.

Ол – Нара қаласының 37 жастағы тұрғыны, жапондық жеке қаржылық бастамалар қауымдастығының жоба менеджері Акиба Акихито.

– Мен павильондарыңыздың 100 мыңыншы қонағы болғаныма өте қуаныштымын, бұл мен үшін күтпеген тосынсый! Павильонның контенттік мазмұнына, атап айтқанда Қазақ хандығының қалыптасу кезеңіне және тарих пен жаңа технологиялардың үйлесімін көріп таңғалдым. Тамыры тереңге жайылған тарихтарыңызды ұмытпай, болашаққа деген көзқарастарыңыздың тамаша үлгісі – ALEM құрылғысы, – деді Акиба Акихито.

Қазақстан павильоны мен еліміздің атынан 100 мыңыншы қонақты Қазақстанның Жапониядағы Төтенше және өкілетті елшісі Ерлан Баударбек-Қожатаев құттықтады. Акиба Акихитоға Karavansaray Turkistan туристік кешеніне екі адамға арналған сертификат пен естелік кәдесыйлар табысталды.

Келушілер санын есептеуді жапондық EXPO 2025 Osaka дүниежүзілік көрмесін өткізу қауымдастығы арнайы жабдықтың көмегімен жүргізеді. Қауымдастық мамандарының айтуынша, павильон шағын болғанымен, қазақстандық экспозиция көрме қонақтарына ойластырылған контентімен және жоғары технологиялық экспонаттарымен қызықты.

Павильон контенттік мазмұнына, атап айтқанда, тарихқа, мәдениетке, экономикалық көрсеткіштерге, экожүйеге, туризмге, инновацияға ден қойылып әзірленген 4 аймақтан тұрады. Шаңырақ символына негізделген тұжырымдама интерактивті аймақтарды біріктіреді: көпқырлы мұраны ашатын 3D мэппингтен бастап, келушілердің жүздері біртұтас визуалды кенепке біріктірілген иммерсивті проекциялық шоуға дейін. Экспозицияның әрбір элементі Қазақстанның экология, туризм, инновация және тұрақты даму саласындағы әлеуетін зерттеуге тартатын қонақпен диалог іспеттес.

Аяна ӘБІЛДАШ,
С. Қожанов атындағы
№64 мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы

КІШКЕНТАЙ КӨРЕРМЕНДІ ҚУАНТТЫ

Ұлттық кітап күні мерекесі аясында Алматы қаласының мемлекеттік қуыршақ театрында «Орман ғажайыптары» қойылымы сахналанды. Қуыршақ театрының ұжымы көрермендерге белгілі неміс жазушысы Отфрид Пройслердің «Кішкентай сиқыршы» повесі желісімен сахналанған «Орман ғажайыптары» спектаклін ұсынды.

Қойылым режиссері Антон Зайцевтың сөзінше, балалар әдебиетінің алтын қорынан орын алған бұл шығарма – жақсылық пен зұлымдық, батылдық пен мейірім, адалдық пен ізгілік тақырыптарын қозғайтын ойлы туынды. Ертегі кейіпкерлерінің сахнаға шығуы – кітапқа деген сүйіспеншілікті жаңа деңгейге көтерудің жаркын үлгісі болды.

«Орман ғажайыптары» қойылымының оқиға желісі көне кітапхана ішінде өрбиді. Бір қарағанда шаң басқан, ұмыт қалған томдар. Алайда дәл осы тыныш әрі тылсым кеңістікте шексіз қиялға жол ашатын сиқырлы әлем басталады. Бұл жай ғана оқиға емес – бұл ертегілер әлеміне ашылған есік, әр парағы жұмбақ пен ғажайыпқа толы кітаптардың әлеміне саяхат.

Қойылымның басты идеясы – балаларды кітап оқуға баулу, олардың бойында оқу мәдениетіне деген қызығушылықты ояту. Сахнадағы оқиғалар арқылы кітаптың тек қағаз бен әріптер жиынтығы емес, нағыз тірі кейіпкерлерге толы сиқырлы дүние екенін көрсету көзделген.

— Ұлттық кітап күні – бұл рухани байлыққа бас иетін, әдебиеттің құдіретін дәріптейтін ерекше күн. Мемлекеттік қуыршақ театры бұл мерекені кітап пен театр арасындағы алтын көпірді жалғау арқылы атап өтуді жөн көрді, – дейді Мемлекеттік қуыршақ театрының директоры Алмат Амангелді.

AMANAT MEDIA GROUP
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4586
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Айхан ШӘРІП